

---

# **ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ**

---

**№ 1 (51)  
2016**

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы  
Республикалық терминологиялық комиссиясының бюллетені

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ**

**№1 (51)**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-  
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы 2002  
жылғы 27 мамырда №2993 – Ж  
куәлігі берілген.*

**А.Мұхамедиұлы**

*Республикалық терминком төрағасы*

**М.Әзілханов** *(төраға орынбасары)*

**Қ.Асыллов**

**Ғ.Мелдешов**

**М.Бақтиярұлы**

**С.Абдрахманов**

**М.Айымбетов**

**М.Ахметов**

**С.Әлісжан**

**С.Ибраим**

**Д.Омашұлы**

**Ш.Пәтгеев**

**Б.Сағын**

**А.Тоқсаба**

**К.Юсуп**

Бас редактор

**Ш.Құрманбайұлы**

Бас редактордың орынбасары

**Қ.Әбіл**

## Аңдату

Журналдың 2016 жылғы бірінші санына енгізілген мақалалар тиісті айдарларға топтастырылды. Мәселен, “Терминжасам және терминалмасым” айдарымен профессор Ш.Құрманбайұлының “Ісқағазтерминдерін жасаудағы тарихи сабақтастық” атты мақаласында -ма/-ме үлгісі мен «хат» сөзін қосып ісқағаз терминдерін жасау 1920 жылдардағы терминжасам тәжірибесінің нәтижесі екендігі, осы үлгімен термин жасау дәстүрінің қайта жалғасын, термин шығармашылығындағы тарихи сабақтастықтың сақталып отырғандығы нақты тілдік деректер негізінде көрсетіледі.

Ал академик Ө.Айтбайұлының “Ортақ түркі терминологиясын қалыптастыру – бүгінгі күн талабы” атты мақаласында түркі халықтарына ортақ терминдер қорын жасаудың мүмкіндіктері жайында сөз болады. Ғалым ортақ терминқор жасауда түркі тілдерінің көбіне ортақ түбірлерді, түркі тілдеріне әр дәуірде еніп, сіңісіп кеткен кірме сөздерді, әрбір тілдің өзіндік сөзжасам үлгілерін пайдалану қажет деп санайды. Сондай-ақ бұл айдармен филология ғылымының кандидаттары А. Смағұлованың “Кірме терминдер ана тіліне нұқсан келтірмеуі тиіс”, Қ. Айсұлтанованың “Қазақ тіліндегі терминжасам мәселелері” мақалалары ұсынылды.

“Терминологияның зерттелуі және салалық терминдер мәселесі” айдарымен филология ғылымының докторы, профессор Ж.Манкееваның “Ұлттық тілдегі терминдік жүйе мәселесі”, филология ғылымының кандидаты Н.Әшімбаеваның “Ұлттық салалық терминдерді қалыптастыру мәселесі”, аудармашы мамандар Ж.М.Тұрарова мен Т.С.Еременконың “Заңнамадағы тілдік норманы сақтау мен лексикалық варианттылық мәселесі” сияқты мақалаларында салалық терминологияның зерттелуі мен қолданысының жайы, варианттылық мәселелері сөз болады.

“Ойталқы” айдарымен филология ғылымдарының кандидаты Б.Бияровтың “Қазақша термин қайтсе жақсарады?” атты мақаласы мен аудармашы маман С.Сыдықтың қолданыстағы бірқатар терминдердің жасалуына қатысты сын пікірі, өзіндік тұжырымдары мамандар талқысына ұсынылған. Ал “Бекітілген терминдер” айдарымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының 2015 жылғы 6 қазандағы отырысында бекітілген терминдер жұртшылыққа таныстыру, оларды бірізді қолдану мақсатында жарияланды.



**Шерубай Құрманбайұлы,**  
*ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

## Ісқағаз терминдерін жасаудағы тарихи сабақтастық

Қазіргі қазақ тіліндегі ресми ісқағаздарының атаулары мен ісқағаз жүргізу терминдерінің жасалу жолы, қалыптасу тарихы бар. Зерттеушілер XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы ресми қағаздардың тілінде шағатай, татар, араб, парсы элементтері басым болғанын айтады. Академик Р.Сыздық «XIX ғасырдың II жартысында қазақша ресми іс қағаздардың өз алдына стилі болды, ол бұрынғы ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің жалғасы ретінде танылды. Бірақ едәуір өзгерісі бар» [1] – деп жазады. Басқа да әр түрлі арнаулы салалар сияқты ресми ісқағаздарының атаулары мен ісқағаз жүргізу терминдерінің де қалай жасалып, өзінің қалыптасу тарихында қандай кезеңдерден өткенін арнайы сөз етудің мәні зор. Қоғамдық өмірдің қай саласында қызмет етіп, қандай кәсіп иесі болғанына қарамастан кез келген адам ісқағаздарын жазуға, толтыруына тура келеді. Бұл саланың осындай бұқаралық сипаты да оған ерекше назар аудару қажеттігін тудырады. Ісқағаз жүргізу мәселесін біз кешенді тұрғыда қарастыруды мақсат етпейміз. Ондай зерттеулер осы саланы арнайы зерттеген Н.Ерғазиева, Л.Дүйсембекова сынды тіл мамандары тарапынан жүргізіліп кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Осы мамандар тарапынан монографиялар мен оқу құралдары да жарық көрді. Сондықтан біз бұл мәселеге кеңінен тоқталмай, тек терминжасам, ісқағаз жүргізу саласы терминологиясының қалыптасуындағы тарихи сабақтастық тұрғысынан ғана назар аудармақпыз.

Жүйеленген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Мұны көптеген тілдердің термин жүйесінен көруге болады. Бізде де соңғы жылдары кейбір арнаулы сала терминдерін бір үлгімен жасау мақсатымен белгілі бір жұрнақтарды жалғау арқылы терминдер жасап жүрген мамандар кездеседі. Бұл жағынан келгенде әртүрлі арнаулы салаларда біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екені аңғарылады. Мәселен, кейінгі жиырма жыл көлемінде лингвистика саласында **-ым/-ім** моделімен жасалған *айтылым, тыңдалым, жасалым, жуысым, жұмсалым, жіктелім, қатысым, оқылым, талданым, түйісім, түрленім, үйлесім, үндесім* сынды көптеген атаулар жасалып қолданысқа енді. Осы секілді ісқағаздарын жүргізу саласы да өзіндік терминжасам үлгісімен ерекшелене алады. Ал енді ісқағаздарын жүргізу саласы туралы айтқанда негізінен айқын орныға бастаған екі терминүлгіні (термино модель) атап көрсеткен орынды. Олардың **біріншісі** – **-ма/-ме, -ба/-бе, [-па/-пе]** жұрнақтары арқылы жасалған

терминдер. Олардың қатарына мынадай атаулар кіреді: Анықтама (справка), бағдарлама (программа), баяндама (доклад), баянжазба (докладная записка), бұрыштама (резолюция), жолдама (направление), көшірме (копия), мәлімдеме (рапорт), мінездеме (характеристика), түйіндеме (резюме), түсініктеме (объяснительная), тізбе (опись), тізімдеме (ведомость), хабарлама (извещение), қызметтік жазба (служебная записка), хаттама (протокол) және т.б.

**Екінші үлгі** —«хат» сөзімен біріктіріп немесе тіркестіріп термин жасау. Бұл үлгімен жасалған атаулар қатарына төмендегідей атаулар кіреді: ақпараттық хат (информационное письмо), алғысхат (благодарственное письмо), ашықхат (открытое письмо), баянхат (докладная записка), жеделхат (телеграмма), қолхат (расписка), кепілхат (гарантийное письмо), қолдаухат (ходатайство), құттықтау хат (поздравительное письмо), қызметтік хат (служебная письмо), нұсқаухат (инструктивное письмо), ресмихат (деловое письмо), сенімхат (доверенность), сұранысхат (запрос), телефонхат (телефонограмма), түсіндірмехат (объяснительная записка), ұсынысхат (рекомендательное письмо), хабарламахат (письмо-сообщение), шақырухат (пригласительное письмо), ықтиярхат (вид на жительство), ілеспехат (сопроводительное письмо) және т.б.

Осы іспеттес терминдердің көпшілігі кейінгі 20-25 жыл көлемінде жасалды деген пікір жиі айтылады. Мұқият зерделеп қарайтын болсақ, олардың жасалу, қолданысқа ену тарихы одан едәуір әріде болған. Мәселен, бұйрық, жарлық сияқты ісқағаз атауларының XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы ресми қағаздардың тілінде, хан жарлықтарында кездесетінін осы кезеңді зерттеген ғалымдар еңбектерінде айтылады. Оған дауымыз жоқ. Ал қазіргі қолданыстағы ісқағаз терминдерінің көпшілігі XX ғасырдың басында жасалған. Оларды жасап, қолданысқа енгізген сол кезеңде халық ағарту, білім беру ісімен айналысқан, оқулықтар жазып, сөздіктер түзген алаш оқымыстылары. Сөзімізге олардың жазған еңбектері, соңында қалдырған мұралары дәлел бола алады. Жалпы бұл кезеңдегі қазақ тіл білімінің, терминологияның дамуы, сол кездің тілімен айтқанда «пән сөздердің» жасалуы жөнінде сөз қозғағанда ұлт ұстазы, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлының есімін алдымен атаймыз. Солай болуы орынды да. Өйткені аса көрнекті ғалым бұл істің басында тұр. Ол өзі бас болып ұлт тілінде терминдер жасаудың үлгісін көрсетті. Термин комиссиясының тұңғыш төрағасы болып, термин шығармашылығының беталысын белгілеп, терминологиялық жұмыстарды үйлестіруге басшылық етті. Сондай-ақ осы кезеңде Ахаң мен Елдес Омарұлы және басқа да алаш қайраткерлерінің қатысуымен алғаш рет қазақ терминологиясының даму бағыты, ғылыми қағидаттары белгіленді. Олар өздері белгілеген бағытты бет алып, өздері бекіткен қағидаттарды ұстана отырып жүздеген сала терминдерін жасады. XX ғасыр басында еңбек еткен алаш оқымыстылары алғашқы пән оқулықтарын жаза отырып мектеп терминологиясының және көптеген арнаулы салалардың негізгі тірек



терминдерін жасап, ұлттық термин жүйенің негізін қалап кетті. Біздіңше, солардың қатарына ісқағаз жүргізу саласының терминдер жүйесін де қосуға толық негіз бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін 1927 жылы сол кездегі Қазақстанның астанасы болған Қызылорда қаласында жарық көрген «Пән сөздері» [2] деп аталатын қазақ тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктердің біріне жүгінелік. «Пән сөздерінде» төмендегідей ісқағаз терминдері қамтылған: арыз (заявление), әкті (акт), баяндама (доклад), қаттама (ведомость), көшірме (выписка), жарлық (декларция), айрықша жүргізілетін істер (дела особого производства), іс жүргізушілік (делопроизводство), іс жүргізуші (делопроизводитель), өкілдік (доверенность), өкілдік беруші сенуші (доверитель), ыспаттама (документ), шартты уәде (договор), өсиет (завещание), өсиетші (завещатель), заң (закон), қаулы (постановление), кепіл (залог), кепіл әктісі (залоговый акт), қат (запись), мәжіліс (заседание), шағым, арыз (жалоба), кенеге (журнал), кіріс кенегесі (журнал входящий), шығыс кенегесі (журнал выходящий, исходящий), билік хат (исполнительный лист), жарнама (объявление), баян қат (объяснительная записка), тізім (опись), ресми (официальный), жазба жарлық (письменный приказ), шақыру қат (повестка), жарлық, әмір (приказ), пұратакол (протокол), мәжіліс қат (протокол заседания), қарар (резолюция), қаттау (регистрация), іспірәбкі (справка), білдіргіш (справочник), сақтық қат (страховой полис), пән сөзі, атау (термин), қалауқат (третейская запись), айрықша арыз (частная жалоба) және т.б.

Бұл сөздікке енген терминдерді Қазақстан оқу комиссариатының Білім ордасы бекіткен. Бұған дейін жарық көрген мұндай сөздік 1926 жылы баспа бетін көрген «Әскерлік атауларынан» кейін жарыққа шыққан бекітілген терминдердің ең алғашқы сөздіктерінің бірі. Ахмет Байтұрсынұлы өзі төрағалық еткен термин комиссиясының ресми мақұлдауымен жарық көрген бұл шағын сөздік қазақ терминтану ғылымы мен терминографиясы үшін тарихи мәні ерекше еңбек.

Енді осы аталған сөздікте қамтылған атауларға назар аударып көрелік. Мысалы, сөздікте берілген *арыз, заң, қаулы, әкті, баяндама, көшірме, кепіл, мәжіліс, іс жүргізуші, іс жүргізушілік, өсиет, қарар, шағым* сынды қазіргі ісқағаз терминологиясында да еш өзгеріссіз (біреу термин сәл ғана формалық өзгеріспен қолданылады) қолданылып келеді. «Мәжіліс қат» термині де күні кешеге дейін «хаттамамен» қатар жұмсалып жүрді. «Жарлық» термині бүгін (декларация, приказ емес), «указ» орнына, ал «жарнама» (объявление емес) «реклама» атауының баламасы, «қаттама» (ведомость емес) қазір «протокол» терминінің, «тізім» (опись емес) «списоктің», шақырухат (повестка емес) «пригласительное письмоның» баламасы ретінде қолданылады. Яғни олар қолданыстан мүлде шығып қалған жоқ, ісқағаздарын жүргізу саласындағы жүйе құраушы іргелес ұғымдарының атаулары ретінде пайдаланылды. Мағыналары нақтылана түсті. ХХ ғасыр басында жасалған *білдіргіш, ыспаттама, қаттау тәрізді жекелеген терминдер анықтама, құжат, тіркеу* сынды терминдер алмастырылды. Бұл да термин шығармашылығына тән табиғи үдеріс.

Зерттеуші Ләззат Дүйсембекова «Хаттаманың қолға берілетін белгілі бөлігін (выписка из протокола) осыған дейін хаттамадан көшірме деп келдік. Енді осындағы көшірме сөзі копия сөзінің аудармасы және оның мағынасын дәл беретіндіктен және копия мен выписканы бір-бірімен шатастырмас үшін хаттамадан көшірме емес, хаттамадан үзінді деген қолданыс дұрыс»[4, 297] дейді. Ұғымдардың аражігін ашу тұрғысынан бұл ұсынысты орынсыз дей алмаймыз. Алайда қазіргідей көшіру аппараттары болмай тұрған кезеңде алаш зиялыларының «выписканы» «көшірме» деп алуы өте орынды. Ұзақ жылғы қолданылғандықтан бұл терминді «үзіндімен» алмастыру да оңайға соқпайды. Терминнің узуалдануы, нормаға айнала бастауы сияқты факторларды да есепке алғанымыз жөн секілді. Одан гөрі «көшірмені» жайына қалдырып, «үзінді» орнына басқа балама тапсақ, оның тілде орнығуы әлдеқайда жеңіл болады деп ойлаймыз. «Қарыз, шағым, өтініш атауларының аражігі ашылмай қолданылып жүр»[4, 299] деген пікір де орынды. Бұл тұрғыдан қарағанда да алаш зиялылары «жалоба» сөзін «арыз», «шағым» деп өте орнымен жұмсаған.

1931 жылы Қызылордада «Қазағыстан» баспасынан жарық көрген «Атаулар сөздігінде» [3] көшірме (выписка), жүргізушілік (делопроизводство), іс жүргізуші (делопроизводитель), шарт, келісім уәде (договор), ыспаттама (документ), қаулы (постановление), көшірме (выписка), жарнама (объявление), баян қат (объяснительная записка), пұратакол (протокол), мәжіліс қат (протокол заседания), қарар (резолюция), қаттау (регистрация) сияқты ісқағаз терминдері алдыңғы «Пән сөздерінен» еш айырмасыз берілді. «Пән сөздеріне» енген терминдер алаш оқығандарының 1920-1925 жылдар арасында жасап, өздері жаппай қолданған атаулар еді. Олардың авторлары мен ұлттық сипаттағы термин жасау бағытын ұстанушылар қуғындалып, кеңес үкіметінің жаулары саналып жүрген 30-жылдарда олардың жасаған еңбектерінің өзгеріссіз жалғасын тауып жатуы жаңа бағытты ұстанушыларға ұнай қойған жоқ. Сол себепті бұл сөздік сол жылдары Е.Кротевич, М.Қайыпназарұлы сынды кеңестік терминжасам үрдісіне бет бұрған авторлар тарпынан қатты сын айтылды. Халық ағарту комиссариаты Білім кеңесінің термин комиссиясы бекіткен терминдердің бұлайша алаш зиялылары шығарған алдыңғы сөздіктегіден еш өзгеріссіз қайта басылуының басты себебі білім беру, халық ағарту саласында алаш қайраткерлерінің ықпалы әлі күшті екенін көрсетеді. Олардың ықпалы тек өздері қуғын-сүргін құрбаны болған сол отызыншы жылдардың ортасында (1935-37 жылдары) ғана толық жойылды. Осы сөз болып отырған тілдік-тарихи деректер алаш қайраткерлерінің өз ұстанымдарынан өмірлерінің соңына дейін бас тартпағанын көрсетеді. Екіншіден, Кеңес одағы әлі ұлттық республикалардағы терминологияны қалыптастыру бағытын белгілеп бере қоймаған еді. Сондықтан да термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздіктер түзудегі сабақтастық үзіле қоймаған еді. Кеңес Үкіметі күшейіп, толық үстемдігін орнатқаннан кейін тіл

саясатын да қатайтып, ұлт тілдерінде термин жасау, терминқорды қалыптастыру бағытын да отызыншы жылдардың орта шеніне қарай белгілеп берді. Сол кезеңнен бастап ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында алаш оқығандары жасаған терминдердің көпшілігі ғылымның әр түрлі саласынан негізсіз аласталды. Қанша қаламаса да қолданыстан шығара алмаған да атаулар болды. Біз ел тәуелсіздігін жариялаған 90-жылдардан кейін ғана олардың мұрасымен танысып, кезінде сыңаржақ саясаттың салдарынан орынсыз шеттетілген көптеген терминдерді қайта қажетімізге жарата бастадық. Бүгінгі ісқағаздарын жүргізу саласындағы негізгі тірек терминдердің көбісі алаш зиялыларының қаламынан туындаған атаулар. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары іс қағаздарын қазақша жүргізу қажет болғанда алаш мұрасына жүгіндік. Бүгінгі ісқағаз атаулары мен осы салада қолданылып жүрген терминдер жасалған жоғарыда атап көрсетілген негізгі екі терминүлгі де алаш оқығандарынікі. Бүгінгі ең өнімді саналып отырған **-ма/-ме** үлгісі де **«хат»** сөзін қосып жасау 20-жылдардағы терминжасам тәжірибесінің нәтижесі. Қазіргі қолданыстағы анықтама, мәлімдеме, тізбе, тізімдеме сынды атауларды да, жеделхат, қолдаухат, ұсынысхат сияқты терминдеріміздің алаш білімпаздары салып берген ізбен, солардың қаламынан туындаған *билік хат, баян қат, шақыру қат, мәжіліс қат, сақтық қат қалауқат* терминдерінің үлгісімен жасағанымызды ашық та анық айтуға міндеттіміз. Бұл біздің ресми ісқағаз жүргізу саласындағы терминжасам тәжірибеміз бен терминқорымызды қалыптастырудағы мәжбүрлі түрде үзіліп барып қайта жалғасын тапқан дәстүр сабақтастығымыздың айқын дәлелі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 2014. 265-б.
2. Пән сөздері. Құрастырған: Қаратышқанов Н. Екінші басылымы. Араб графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті шығарушылар: Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева. –Алматы, 2004. – 128 б. (Бірінші басылымы 1927 жылы Қызылордада араб әліпбиімен жарық көрген).
3. Атаулар сөздігі. (Екінші басылымы. Араб графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті шығарушылар: Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева). –Алматы, 2004. – 184 б. (Бірінші басылымы 1931 жылы Қызылордада араб әліпбиімен жарық көрген).
4. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: іс қағаздарын жүргізу. –Алматы, 2010. 297-б.



**Өмірзақ Айтбайұлы,**

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті,  
академик*

## **Ортақ түркі терминологиясын қалыптастыру – бүгінгі күн талабы**

XXI ғасыр тек қазақ халқының ғана емес, тұтас түркі тектес жұрттардың алдына мол мүмкіндіктер ашуымен бірге, шешімін табуды көздейтін зор міндеттер де қоюымен ерекшеленуде. Рухани құбылнаманы анықтауда, ғылымның сан алуан саласында зерттеулер жасап, ізденістер жүргізуде осы кезге дейін бір жақты еуропа менмендік («ұлы орыстық») ойарна аясында қалыптасып қалған әдіс-тәсілдер мен негіз-тіректерге, көзқарастық бағдарларға ғана сүйеніп елеулі табыстарға жете алмайтынымыз әрі көне сүрлеуді шиырлаудан аса алмай, көшірінді еліктеушілік шеңберден шыға алмайтынымыз анық болып тұр. Оның үстіне Кеңес Одағы аясында өмір сүрген түркі халықтарының ойлау жүйесіне ғасырға жуық уақыт бойы үстемдік еткен «формасы – социалистік, мазмұны – ұлттық» әдіс-тәсілдің де тигізген әсер-ықпалы аз емес.

Дербес даму арнасына түскенімізге біршама уақыт өткеніне қарамастан, одақтық ойарна құрсауынан құрық үзіп шығудың өзі оңайға түспей тұрғанын жасырмауға тиіспіз. Әдетте, белгілі бір жағдай аясында туындаған мәселені сол кезеңде қалыптасқан ойлау жүйесі арқылы шешу мүмкін де емес. Мұны қай-қай салаға қатысты болсын, дәлел-дәйекті молынан келтіре отырып айтуымызға әбден болады.

Еліміздің ғылыми-зерттеушілік өрісінде қазақ тілінде өзіндік бағыт-бағдары, соны пайымдау жүйелері бар дербес ғылым жасаудан гөрі орыс оқымыстыларының зерттеулеріндегі жетекші ойлар мен ғылыми әдістемелерге, солар арқылы жеткен еуропалық ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын, ой байламдары мен қалып-нысандарын негіз ете отырып, ұлт өмірінен мысалдар енгізу арқылы ғылыми ізденістер жасаудың ишаралық түріне ден қоюшылықтың етек алғаны да рас. Қысқаша қайырғанда, бұл құбылысты ғылыми зерттеушілік деуден гөрі «ғылымды түсіндірушілік» деп атасақ, ауа жайыла қоймаспыз.

Әлбетте, елімізде осы кезге дейін жүргізілген ғылыми ізденістердің барлығын біржақты теріс бағалауға болмайды және оған қақымыз да жоқ. Ғылымның белгілі бір салаларында елеулі жетістіктерге қол жеткізгеніміз де рас. Бірқатар гуманитарлық салалар болмаса, жаратылыстану саласы бойынша ғылыми зерттеулердің толықтай орыс тілінде жүргізілгені және бұл үрдістің қазіргі күннің өзінде оңалып кете қоймағаны мәлім. Сондықтан, ащы да болса ауық-ауық ақиқатқа жүгініп, одан ауытқымауға ұмтылып отырудың ісімізге келтірер пайдасы болмаса, тигізер зияны жоқ.

Жалпыға белгілі жалқы жайттарды тәптіштеп жатуымыздың сыры өмір бойы «үйренушілік» позициясын ұстанудың ұшпаққа шығармайтындығын көрсетуден туындап жатыр. Жоғарыда келтірілген жайттарды ғылымға тірек болар – төл терминдер жүйесін қалыптастыруға да тікелей қатысы бар. Ғылым – жалпы адамзатқа ортақ игілік болғанымен, оны әрбір ұлт өз тілінде игеріп, таңбалап, әрі қарай өрістетуге қақысы бар екендігі де талас туғызбайтын ақиқат. Бұл маңызды мәселе түркі халықтарына да жат емес. Кеңес Одағы ыдырап, түркі мемлекеттері жеке-жеке шаңырақ көтеруіне орай терминологиялық жұмыстарға қатысты да елеулі өзгерістер орын алды. Бұрын қалыптасқан терминжасам қағидаттары да қайта қаралып, жаңа қағидаттар белгіленді. Тілдің табиғи заңдылықтары ескерілді. Осыған байланысты халықаралық аяда қолданылып жүрген сан-салалы терминдердің ұлттық тілдердегі баламалары пайда болды, жаңа терминдер жасалды, үздіксіз ізденістер қарқын алды. Осы ретте артық-кем тұстар да бой көрсетті. Біздіңше, ендігі кезекте мынадай келелі жайттарға назар аудару қажет секілді.

Біріншіден, қоғамдық-саяси өмір мен ғылымның сан-саласында халықаралық аяда кеңінен қолданылып жүрген және жаңадан пайда болған терминдерді ана тілімізде баламалау кезінде түркі халықтары бөлек-бөлек бағыт ұстанбай, ұлттық терминологиялық жүйелерін ортақтастыру жайын қолға алғандары жөн.

Екіншіден, ғылымның жаңа салаларын бірлесе өрістетіп, әлемге тың ғылыми бағыттар ұсынуды ойластырмай, іргелі елдердің қатарына кіре алмайтындығымызды ұғынғанымыз абзал.

Міне, осы екі бағыттағы жұмыстарды ынтымақтаса, үйлестіре отыра жүргізсек, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге жол ашылар еді. Сонымен қатар, бұл жұмыстарды болашақ Тұтас Түркістан идеясының іске асуына қаланар іргетас, маңызды қадам ретінде қарауға да мүмкіндік бар. Ақыл, күш біріктіруден ұтпасақ, ұтылмайтынымыз айдан анық. Әлбетте, мұны іске асырудың түрлі қиындықтары бар екендігі сөзсіз. Қаржылық, интеллектуалдық ресурстарды топтастыруды айтпағанның өзінде, саяси шешім қабылдау, ұлттық өзімшілдікке бой алдыру секілді тосқауылдардың да кесе-көлденең тұрмайтынына кепілдік бере алмаймыз. Сондай-ақ, мұндай бірлестікке мүдделі емес тараптар жағынан туындайтын түрлі қысымдардың да бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Алайда түркі халықтарының қай-қайсысы болсын, дүние дидарында дамыған мемлекет ретінде өмір сүруі үшін осынау арманды іске асырмай болмайды. Бұл мәселеге біз қайта-қайта айналып соға беретін боламыз.

Егер түрік халықтары ортақ бірлестікке қол жеткізіп, үлкен одаққа айналмаса, түптің түбінде шағын елдер ретінде ірі мемлекеттерге жем болуы ғажап емес. Сондықтан да біз биік мақсаттарға ұмтыла отырып, шағын болса да үздіксіз қадамдар жасай бергеніміз абзал. Бұл қадам мәдени өріс, тілдік тұтастық саласындағы рухани қарым-қатынастардан бастау алғаны тиімді.

Бүкіл түркі жұртының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі –

белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Бұлай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал. Осындай үлкен мақсат жолында, әрбір түркі елінің іргелі мемлекетке айналып, тұтас түркі әлемін қалыптастыру үшін түркі тектес жұрағаттарымыздың парасат биігінен көрінетініне сеніміміз мол.

Осы ретте негізгі сөз ортақ тіл туралы емес, ортақ терминология қалыптастыру жайында болып отырғанын қаперден шығармаған жөн. Ортақ терминологиялық жүйе құру арқылы аз санды түркі халықтарының жойылып кетуіне тосқауыл қоюға әрі түркі халықтарының одақтаса отырып, нығаюына қол жеткізуге болады деп білеміз.

Бұл мәселе экономикалық жағынан да тиімді. Өйткені, алдымыздан 200 миллионнан артық тұтынушысы бар кеңістік ашылар еді. Бүкіл әлемдік ғылыми ақпаратты ұлттық тіл арқылы игергенімізбен, мұны тұтынуға келгенде өз нарығымыздың тарлық етуі мүмкін екендігін де ойлауымыз керек, яғни әрбір түркі халқының ұлттық тілінде ғылыми терминологияға балама тапқанымызбен, оны пайдалану жағы кемшін болады. Сондықтан, ортақ түркі терминологиясын қалыптастырғанымыз жөн. Бұл үлкен синергетикалық әсер береді.

Осы орайда түркі халықтарының бұған дейін жасаған, қалыптастырған термин-атаулары мен ұлттық баламаларын өзгерте алмаймыз және оның қажеті де жоқ. Өйткені, бұлай жасау арқылы біз ыңғайсыздық пен келіспеушілікті тудырамыз, оның үстіне шалағайлыққа, түсініксіздікке ұрынамыз. Сондықтан, барын сол қалпында қалдырып, бұдан кейінгі істерімізді үйлестіре алсақ та тақиямызға тар келмейді.

Әрине, терминологияны ортақтастыру жекелеген ғалымдар шеше салатын іс емес. Бұл мәселемен түбегейлі айналысатын түркі мемлекеттердің терминолог мамандарынан құрылған арнайы ғылыми орталық керек. Әсіресе, осыған дейін әр елде әр алуан күй кешіп, өз халінше еңбек етіп жатқан әр қилы қоғам, ұйым, одақтардың іс-тәжірибелерін осы іске жұмылдырсақ, айтарлықтай нәтиже берер еді. Мүмкін, бұл орталықты Түрксой жанынан ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасау керек шығар? Бірақ, қалай болғанда да сең қозғалды, сана оянды. Осы бағыттағы әрекеттеріміз жинақталып, бір арнаға түсетініне сеніміз кәміл.

Түбі бір түркі халықтарын бірінен бірін алшақтатқан тарихтың талай теперішін білеміз. Соның ішінде жазу алшақтығының алар үлесі тым мол. Қараңыз, отыздан астам туыс тілдер осы жазу түрлілігінің кесірінен 70-80 жылдың барысында, тіпті, бірін бірі түсінбейтін күйге жетті. Араб, кириллица, латын, тағы басқаларының жазуларының сан құбылтылған нұсқаларын мұра тұтқан түркі тілдері туыстық негізде дамудың орнына бірінен бірі оқшауланып, дараланып, тұмшалана түскені мәлім.

Түркі халықтары, негізінен, дербестікке қолы жетіп отырған бүгінгі таңда



осы бір орасан олқылықтың орнын толтыруды ойластырғаны абзал. Бұл – тарихи мүмкіндік. Егер біз мұны дер кезінде пайдаланып қалмасақ, кейін кеш болуы мүмкін. Сондықтан, жазу-сызуы ертеден жүйеленіп қалыптасқан түркі тілдерінің негізгілері латын жазуын қолданады.

Ортақ терминологиялық жүйе қалыптастыру дегенде біздің көздеп отырғанымыз мынадай үш негіз:

а) түркі тілдерінің көбіне ортақ неше алуан туынды сөздер жасауға негіз болатын түбірлер (Ә.Қайдар). Мұның саны едәуір және бұлар кез-келген түркі тілдерінен кездеседі. Соларды кез келген тілден теріп саралай, жүйелей біл, талғай біл;

ә) түркі тілдеріне әр дәуірде еніп, сіңісіп кеткен кірме сөздер. Олар – араб, парсы, монғол, орыс сөздері. Мұның үстіне кейінгі бір ғасырға жуық мерзімде орыс тілі арқылы тілдерімізге көбі күштеп ендірілген интернационалдық терминдер. Бұлай деп отырғанымыз, әлгі термин сөздер орыс тіліндегі пішінін бұзбай, яғни өзге тілдің заңдылығын сақтай енгізілгендіктен. Біз емле ережелерімізді де әуелден-ақ осы ыңғаймен, яғни орыс тілінің үлгісімен түздік. Сөйтіп, тіліміздің айтылу, жазылу заңдылықтарына айтарлықтай нұқсан келтіріп алдық. Енді осыларды жанаша игеріп, реттеуде де өзара ортақтаса шешілетін мәселе туындауда. Ендеше, бұл жөнінде де кеңесіп, келісіп алатын жайттар жетерлік;

б) әрбір тілдің ғасырлар, жылдар бойы қалыптасқан өзіндік сөзжасам үлгілері, яғни әрбір тілдің өз байлығын сарқа пайдалану мүмкіндігінің де оңашалыққа ғана емес, ортақтыққа қарай жетелейтін мысалдары мол. Міне, бұл жерде де сауаттылық пен сарамандық қажет. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, түркі тілдерінің бәріне ортақ үлгіні жасауға әбден болады деп білеміз.

Қозғалып отырған мәселені ғылымның кез-келген саласы бойынша тарапта әңгімелеуге болады. Мәселен, медицина саласын алалық. Медицина ғылымы неше алуан салалар мен тармақтардан тұратыны мәлім. Соның қай бөлігінде де жүйелеуді, реттеуді күтіп тұрған мәселесі қыруар. Мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдырудың түбегейлі мәселелері қарастырылып жатқан қазіргі кезде бұл шаруаның көкейтестілігі, тіпті, анық. Тәуіп, емші, сынықшы, ұшықшы, тамыршы, тағы басқалар тәрізді толып жатқан ұғымдардың өзі-ақ ана тіліміздің өрісін бұл салада да кеңейте түсуге болатынын байқатпай ма? Тек, ізденімпаздық керек. Жоғарыда сөз болған түбір сөздің де, кірме сөздің де, сөзжасамның сан түрін танытар төл байлығымыз да медицина саласында мол, олардың талай терминге негіз болары хақ.

Медициналық терминдерге бұрын да негіз болған, қазір де негіз боларлық сан мындаған өсімдік атаулары мен мал атаулары, дене мүшелері, ас-тағамды білдірер сөздерді біз түгел игердік деп айта аламыз ба? Осы игілікті игерудің неше алуан заңды жолдары мен принциптері сараланбай тұрып медицина ғылымының да ұлттық тілде дамуы неғайбыл. Ендеше, бұл ғылым мамандарының алдында да өзге тіл ғалымдарымен ортақтаса, кеңесе шешер мәселелер баршылық. Зиялы

қауым үнемі осындай мәселелерді алқаға салып, кеңесіп отыруды дәстүрге айналдырса мақұл болар еді.

Жалпы, термин пайда болу үшін сол терминге негіз боларлық оқиға қажет. Оқиға, құбылыс болмаса, оны атаудың да қажеттігі болмас еді. Сондықтан, біз үнемі қабылдағыш, алғыш бола бермей, өзіміз де жасағыш, ат бергіш санатына өтуіміз керек. Кез келген тіл осындай ғылыми табыстары арқылы көгереді. Қолданыс аясы кеңейеді. Белгілі бір салада басымдық танытып, жетекшілікке ие болмай, тілдік өркендеуге жету қиын.

Мысалы, XIX ғасырдың соңында халықаралық сауда-саттық артып, жүк тасымалдау саласының дамуына орай іргелі отаршыл державалар – Англия, Франция, Голландия, Германия және Италия секілді елдер суырылып алға шықты. Осыған орай шаруашылық-құқықтық, нарықтық қатынастарды, теңізде кемемен жүру қауіпсіздігін реттеу үшін халықаралық одақтар мен әртүрлі қауымдастықтар, институттар пайда болды. Теңіз көлігінде қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасу үшін ортақ тіл ретінде ағылшын тілі, ал темір жолда – француз тілі таңдап алынды. Ағылшын тіліне артықшылық берілуінің мәні теңіздегі құқықтық қарым-қатынастарды реттеу ағылшын құқығына негізделген еді. Ал француз тілінде халықаралық теміржолмен жүк және жолаушылар тасымалдау конвенциялары жасалды. Осы арқылы әлемде көлік тасымалы саласындағы терминологиялық жүйеде ағылшын және француз тілдері үстемдікке ие болды.

Соңғы кезде компьютердің пайда болуына орай қаншама құбылыстар ашылды. Саланың әрбір жаңа құбылыстарын атау үшін көптеген термин қажеттігі туды. Соны терминологтер жиылып алып, қалай атаймыз деп отырған жоқ. Компьютерші мамандар процесс барысында пайда болған әрбір жаңа құбылысқа өздері атау беруде. Компьютер Америкада ойлап табылғандықтан, ақпараттық технология атауларының бәрі ағылшын тілінде болатыны заңды.

Сол секілді түркі халықтары немесе қазақ халқы белгілі бір саланы дамытып алып кетсе, сол сала терминдері түгелдей қазақша жасалып, әлемге солай таралар еді. Жоғарыда айтылған екінші мақсаттан туындайтын міндеттер осыған тікелей байланысты. Біз халықаралық өредегі осындай бас қосулар аталған мақсаттар үдесінен шығуға сеп болса игі деп тілейміз.



*Әйгерім Смағұлова*

*Орталық Азия университеті профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## **Кірме терминдер ана тіліне нұқсан келтірмеуі тиіс**

Қазіргі уақытта мемлекеттер арасындағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынастардың арқасында тіл білімінде терминдерді терең зерттеу қолға алынды. Әсіресе, мұнай мен газға байланысты лексиканы зерттеуге ерекше қызығушылық туып отыр.

Қазіргі тіл біліміндегі «халықаралық» терминдер туралы пікірлерді айта кетсек, қазақ тіліне орыс тілі арқылы Еуропа тілінен енген терминдерді «халықаралық» терминдер деп атап жүргені белгілі. Бұл мәселе туралы ғалымдардың көзқарастары әр алуан. Олардың бір тобы халықаралық терминдерді аударуға болмайды, бұл өркениеттен бас тарту деген пікір айтады. Бұл жөнінде ғалым Ш. Құрманбайұлының тұжырымдауынша «Қазіргі терминологиядағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу немесе бір сөзбен айтқанда, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі» [1.11]. Ал, Б.Момынова: «Өзге бір тілдің бір жүйесін білмеген адам өз ана тіліндегі бөгде, кірме сөздерді түстеп, тани алмайды. Ол сөздерді шет тілден енген десе, тіктеп қарсылық білдіру де мүмкін. Ол кейбір өзге тілдік элементтердің басқа тілге әбден сіңісіп, кірігіп кеткендігінен болмақ» деген пікірі негізсіз емес сияқты [2.91]. Д.С.Лотте: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, әрине, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеліп тіреді» [3.8] – деп атап көрсетеді. Қазақ тілі терминологиясы жөнінде де осыны айтуға болады. Термин қабылдаудың осындай оңай жолы кеңінен қолданылғандықтан, қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы оған деген көзқарас пен принциптерді қажет етеді. Бұл, әсіресе, салалық терминдер, оның ішінде нысан етіп отырған мұнай терминдерінен де анық сезіледі.

Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің қолданысында кейде жарыспалы түрде айтылып, жазылып жүретін жалпы қолданыстағы және кірме сөздердің синонимдері екі түрлі жағдайдан көрінеді.

Орыс тіліндегі терминдерді аударудан туындайтын синонимдік қатарлар. Мысалы: Месторождение – қайнар көз, кеніш орны, кен бұлағы. Изыскание – іздеу, табу.

Месторождения терминіне сәйкес бұлақ, қайнар көз, кен орны сияқты синонимдік қатардағы сөздер айтыла береді. Бұдан қазақ тілінің байырғы лексикасының пәрменділігі аңғарылады. Мұндай сөздерді балама ретінде батыл қолдану – терминдік атауларды байыту жолдарының бірі.

Кірме және қазақ тілі терминдерінің қабаттасып келуінен туындайтын си-

нонимде: анализ – талдау, бензин – жанармай, метод – әдіс. Осы терминдердің соңғы сыңарларын мұнай өндірісінде қалыптастыруға назар аудару керек. Ол кезде сөздер фонетикалық өзгерістерге ұшырап, үндестік заңына бағына енетіндігі байқалады. Мысалы: зауыт, пойыз, резинке, тауар. Бұл 20-жылдардағы қалыптасқан тілдік құбылыс. Осы аталмыш принцип негізінде сіңісіп, жалпы халықтық сипат алған терминдер, жаңа сөздер зат пен құбылыс атауы ретінде тілімізде көрініс табады. Ол зат пен құбылыстан бұрын не кейін қалыптаспайды. Жаңа ұғым мен пайда болған атауды дәл түсіну үшін зат пен құбылыстың белгісін айқын анықтап алуымыз қажет.

Мәселен, скважина сөзі бертінге дейін өзгеріссіз қолданылса, енді сөздіктер мен оқулықтарда ұңғы сөзімен ауысты. Мұнай саласында байырғы сөздер мағынасының тарылуы байқалмайды, керісінше өзге тілден енген сөздердің аясының тарылуын кездестіруге болады.

Көтергіш – лифт;

Көлік – транспорт.

Кезекшілік – вахта секілді жаңа сөздер орыс тілінен енген сөздерді немесе орыс тілі арқылы енген шет сөздерді ысырып шығарады.

Мұнай саласының лексикасында шет тілінен енген техникалық терминдер ерекше тоқталып кетуді қажет етеді. Шет тілінің сөздеріне мүмкіндігінше ана тілімізден және туыстас түркітілдерінен балама тауып, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда оларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындыра қабылдасақ терминдеріміз дұрыс қалыптасқан болар еді. Ал «халықаралық» терминдердің бәрін өзгертпей қабылдау, ана тіліміздің мүмкіндігін шектеу деген сөз. Академик Ә. Қайдаров «тілдердің арасында ортақ интернационализм болмаса немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзінде термин ұғымдарының бәрін шет тілі сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон, т.б. халықтарды біз білеміз» [4.22] – дейді.

Кірме күрделі терминдерді құрылымына қарай екі топқа жіктеп қарастырамыз. Мұнай кірме терминдері біршама белгілі сөз тіркестерінен жасалған. Тіркесті терминдерді компоненттерінің қай тілден енгеніне байланысты төмендегідей екі топқа бөліп қарастырдық.

Екі компонентті кірме терминдерден тұратын анықтауыштық қатынастағы тіркесті терминдер. Мысал: металл изолятор, дроссельдік эффект, ребортты шкиф, механикалық қаратаж, магнит қаратаж.

Бір компонентті төл сөзден, екінші кірме сөзден тұратын тіркесті терминдер: бензин буы, газ қондырғылары цемент ерітіндісі, герметикалық құрылғы, бұрғылау мастері, нақтылы диаметр, бұрғы станогы, құбыр муфтасы, бұрғылау технологиясы т.б. Енді осы терминдердің тағы бір ерекшелігі көп жағдайда екінші компонентіне тәуелдік жалғауының үшінші жағына келетін терминдер:

таль жүйесі, газ қысымы, жуу секторы, шарошка тістері, мотор майлары, бұрғылау рейсі, ротор ішпектері, газ торабын, т.б.

Біздің пікірімізше, кірме технология – әрбір кірген тілдің халықаралық лексикалық қоры. Оның құрамына ең кемінде үш бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ тілдердегі жазылуы мен айтылуы лексикалық мағынасы бір сөздер жатады. Кірме терминдерінің сіңісіп кетуі жеңіл мәселе емес. Ол көбінесе өмір қажеттілігі, баламасының болмауы салдарынан біздің тілімізге енеді. Мұнай терминологиясында кірме терминдердің саны аз емес. Бұл техникалық кірме терминдер ғылым мен техниканың дамуына байланысты өндірісте қалыптасып, көпшілікке түсінікті сөздерге айналады.

Кірме терминдердің қолданылуы жайында М.Серғалиев: «Қазіргі термин қолдану практикасында негізгі үш түрлі бағыттың – интернационалдық терминдерді аудармай алу; шет ел немесе орыс тіліндегі сөздердің мағынасын дұрыс бере алатын қазақ сөздерін пайдалану; қазақ тілінің нормасына сай келетін жаңа терминдер жасау күнделікті дәстүрге айналып отыр» дейді. Интернационалдық терминдер анықталушы сөзбен табыса, матаса байланысып келе береді. Кейбір мұнай терминдерінің терминкомда бекітілген, өндірісте қолданып жүрген қазақша баламалары бола тұра, орыс тіліндегі атаулары жарыса қолданылады.

Мәселен, ұңғы сөзінің орнына скважина, құбыршек сөзінің орнына шланка, шикізат қоры тіркесінің орнына шикізат базасы деген тіркестер қолданыла береді.

Ш.Біләловтың «Батыс еуропа халықтары тілдерінде болып келетін жаңа ғылыми-техникалық атауларды түпнұсқада қабылдаған орыс тіліне нұқсан келе қоймайды, қайта сөздің бас-аяғын дұрыстап жөнге келтіргеннен соң, ол көптен көз көріп, құлақ естіген орыс сөзі сияқты болып шыға келеді. Бұл негізінен, орыс тілінің жасандылыққа аса бейімділігі. Ғылым мен техника жетістігін орыс тілі арқылы меңгерген, ғылымдар биігіне орыс тілі арқылы көтерілген қазіргі қазақ тілі үшін орыс тілінің осы бір «жасанды» қылығы кереғар әсер етуде. Қазақ тілі сөз келбетін сақтау үшін, өзіндік заңдылықтарын бұзбау үшін, ғылыми техникалық атаулар қазақ тілінде меңгерілуі тиіс, қазақша сөйлеуге тиіс» деген пікірін түбегейлі қостасақ, ғылым мен техника тілін әсіресе, өндіріс саласын түгел қазақшалау бірден мүмкін бола қояр ма екен. Мәселен, каратаж деген терминнің орнына – ұңғы қабырғасын құрастыратын тау жыныстарының физикалық қасиеттерін білуге арналған зерттеу әдісі деп қазақшалап айтуға да болар еді, алайда мұндай шұбаланқылықтан терминдік ұғым атаулық мән бере алмайды. Б.Әбілқасымовтың «Термин дегеніміз ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика; оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік» дегенін еске алсақ, терминге тән жинақылық, қысқалық сақталмайды.

Ғылым мен техника саласындағы ұғымдарды білдіретін атаулар терминдік жүйеге түсу үшін белгілі бір жағдай керек, яғни ең алдымен ғылым саласы, сол



ғылым саласын айқындайтын ұғымдар қалыптасу керек. Сонан кейін әрбір ұғымды беретін сөздер пайда болады да, олар сол ғылым саласымен айналысатын ортада қолдау тауып, терминдік жүйе ретінде саналады. Сөйтіп терминді түсіну үшін олардың функционалдық, құрылымдық-генетикалық және нормативті стильдік белгілерін жан-жақты зерттеу қажет болады. Терминдер әдеби тілдің бөлшегі ретінде жалпы халықтық негізде дамиды десек, терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпы халықаралық тілді ешқашан естен шығармауымыз қажет. Оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек.

Қ. Жұбанов: «Термин – әр елдің сөзінен алынса да, мысалы, «еңбек», «ақша» немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы, «капитал», «валюта» сияқты – қашан да халықаралық болады, өйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді. Өндіріс бүкіл жер жүзілік болып стандарт түрге көшкенін көреміз, осының белгісі болып халықаралық стандарт терминдер көбейеді, өзі көбінесе халықаралық стандарт сөзбен айтылатын болады» деген ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, мұнай лексикасында халықаралық стандарт терминдердің көп болуына осы өндірістің халықаралық деңгейде дамуы негіз болып отыр деуге болады. Олай дейтініміз, бұл шаруашылық – қазақ елінің ауыл шаруашылығындағы аграрлық кәсібі емес, қазіргі заманғы ғылым мен техниканың озық тәжірибесі мен терең ғылыми болжамдарының негізінде өркендеп отырған күрделі өндірістік сала.

Соған қарамастан, А.Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі сөздерді алғыштап, ана тілімен жат тілдің сөздерін алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерінің, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады.» деген пікіріне сүйенсек, онда мұнай саласындағы терминдерді ұлт тілінде дамыта түсу керектігі тіл білімі үшін қазақ тілінің болашағы үшін, қала берді ғылым тілін қазақша сөйлету үшін аса қажет шаралардың бірі болып қала бермек.

Осындай пікірлерді жан -жақты ой елегінен өткізе отырып, мынадай қорытынды жасаймыз. Жаңадан жасалған терминдер алғашында құлаққа тосаң естіледі. Олардың бәрі бірдей қолданысқа түсіп кетуде бейімді-ақ еді деп те айтуға болмайды. Дегенмен олардың сәтті шыққандарын елеп-екшеп алып, төл терминологиямызды қалыптастыруымыз қажет. Жаңа терминдердің дүниеге келуі қалыптасқан ғылым тілін, терминологиямызды бұзу емес, керісінше дұрыс қалыптасқан қазақ терминологиясын қалпына келтіруге ізгі қадам жасау. Қазіргі кезде ұлттық тіл байлығымызды жаңғыртып, мүмкіндігінше төл тілімізді сарқа пайдаланып, термин жасам бағыты дамып келе жатыр. Ғылымды қазақшалауға

бағытталған пікірлердің де мол екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Ұлы ғалым А. Байтұрсынұлынан бастау алған осы көзқарас тіл жанашырларынан қолдау тапса ғылымды неге қазақша сөйлетпеске. Жалпы термин сөздерді аударғанда қазақ тілінің сөздік қорын сарқа пайдалану қажет. Жаңа термин ұғымының мазмұны мен қызметіне сәйкес келіп, ана тіліне нұқсан келмейтіндей болуы тиіс. Көне грек, латын, француз басқа да шет тілінен енген, әбден сіңісіп, халықаралық көлемде қолданылатын терминдер өз қалпында енгізілуі тиіс. Оны баламалап, түсініксіз сөздер жасаудың қажеті жоқ. Тілші ғалымдар мен көпшілік қауымды ойландыратын жағдай – ғылыми терминдерді аударуда ала-құлалық күшейіп кетуі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш. Құрманбайұлы[Күркебаев Ш.]. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер. Кан. Дисколжазбасы.- Алматы, 1994.167 б.
2. Б.Момынова Қазақ газетіндегі қоғамдық саяси лексика. Кан. Дисколжазбасы. – Алматы. 1993.131б.
3. Ә.Қайдар Қазақ терминологиясына жаңа көзқарас. - Алматы: Рауан, 1993.43б.
4. Б.Қалиев жат сөздер жағадан ала бермесін. – Алматы: Ана тілі: 1994. -29 қыркүйек
5. Ә.Болғанбаев Қазақ тілінің синонимдер сөздігі –Алматы: Ғылым, 1975.217б.

*Қарлығаш Айсұлтанова*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## Қазақ тіліндегі терминжасам мәселелері

Терминдердің осы уақытқа дейін орыс немесе басқа тілдерден кірігіп, тіліміздің терминдік қорын байытып келгені белгілі. Осыған байланысты соңғы ұлттық тіл мәселесіне, сонымен бірге ұлттық терминдерді қалыптастыруға мықтап ден қоюымызға орай тіліміздегі сөздер мен терминдердің көпшілігі шама-шарқынша қазақ тіліне аударыла бастады.

Дегенмен, терминдер мен сөздердің көпшілігінің қазақ тіліндегі нұсқасы әлі де үйлесімді қолданыс таба алмай жатыр. Олардың бірқатары қазақ тілінде қолданысқа ие болып, қалыптасып үлгерсе, енді басқалары сынға ұшырап, кеңінен қолданыс таппай, тілдік қорымызда әлі де қалыптаспай отыр. Осыған байланысты осы жағдайлардың себептері неде, кей аудармалардың қалыптасып, кей нұсқаларының қалыптаспай, қолданыс таппай отыруының себебі неде, олардың қалыптасуына немесе қалыптаспауына әсер етуші қандай ықпалдар бар, неге өзге тілдердің терминдері мен кірме сөздері тілімізде қалыптасып, қолданыс тауып кетуге бейім, неге аударма терминдер жасауға мәжбүрміз, ана тіліміздегі сөздер шын мәнінде термин жасауға, басқа тілдің сөзін аударып беруге икемсіз бе деген сияқты жан-жақты заңды сұрақтар өз-өзінен туындайды.

Бір жағынан, аталған сұрақтар қарапайым сұрақтар сияқты болып көрінуі мүмкін. Екінші жағынан, бұл сұрақтардың жауабы ғылыми негізді, дәйекті тұжырымды қажет етеді. Біздіңше, негізінен бұл сұрақтардың жауабы терминжасам мен тілдік процестерге әсер етуші факторларға, ықпал етуші сыртқы күштерге байланысты. Сондықтан аталған сұрақтардың жауабын осындай әртүрлі факторларды қарастыру арқылы табуға болатын сияқты. Мүмкіндігінше аталған ықпал етуші күштерді қарастыра отырып, жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеуге ұмтылып көрейік.

Негізінен бұл мақсатта анағұрлым ілгері дамығандықтан, орыс тілі терминологиясындағы немесе орыс тілі арқылы аударылып берілген басқа тілдің терминологиясындағы ғылыми еңбектерге сүйенетініміз ақиқат. Ал бұл сияқты еңбектерде термин қалыптастыру үрдісіне әсер етуші факторлар жөнінде соншалықты маңызды пікірлер жоқ. Терминологиясы дамыған тілдерде ондай мәселе жоқтың қасы деуге болады. Орыс терминологиясына өзіндік үлестерін қосқан А.А.Реформатский [1,46], А.В.Суперанская [2,58], В.П.Даниленко [3,92], сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерінің өзінде аталған тақырыпқа қатысты ойлар қозғалмайды. Бұлай болуы заңды да. Өйткені басқа тілдің терминологиясында бұл сияқты мәселелер маңызды мәселелердің қатарына жатпайды. Ал даулы мәселе

болмаған жерде ол бағытта ғылыми ізденістің болмайтындығы да шындық. Бұл біздің аталған сұраулардың шешуін өз мүмкіндігімізше және жалпы тілдік теориялар негізінде топшылауымызды қажет етеді. Сонымен, қандай себептер бар?

Біріншіден, біздіңше, ұлттық ғылымды дамытуға деген ғылыми механизмнің дұрыс жолға қойылмай отыруының өзі осыған әсер етуші бірден-бір негізгі күш. Себебі, ұлт тілінде тың ғылыми жаңалықтардың реті аз болғандықтан, мұндай жаңалықтар ашатын еңбектердің дені қазақ тілінде жазылмағандықтан, қазақ тілінде жаңа термин жасалмайды. Ш.Құрманбайұлы "Ендігі жерде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі өзінің ғылым саласындағы қызметін толық атқаруға көшуге тиіс. Ол үшін терминжасам тәсілдері іске қосылып, үздіксіз жетілдіріп отыруымен қатар, термин жасауда пайдаланылатын лексика көздері анықталып, олар термин шығармашылығында тиімді пайдаланылуы қажет" [4, 95] - деп көрсетеді

Өз ғылыми жаңалықтарымызды біздің ғалымдар алдымен өзімізде емес, өзге елдерде дәлелдеуге тырысады. Соның негізінде өзге елдің тіліне бейім термин жасалады. Былайша айтқанда, ұлттық термин жасауға әсер етуші фактор — дұрыс жолға қойылған ғылымның даму механизмі. Оның үстіне, біз жаңа ұғымдар жасауға соңғы жылдардың үрдісінде бейімделмегенбіз. Соның арқасында тіліміздің мүмкіндігін пайдалану сияқты әрекеттерден мүлдем айырылып қалғанбыз деуге болады.

Келесі әсер етуші күш - ұлттық психология. Себебі психологиямыздың орыстанғаны соншалық, жаңа жасалған ұлттық терминдерді қабылдауға, дұрыс түсінуге қабілетсізбіз. Яғни, қазақы ұлттық психологиядағылардың өзіне орыс психологиясының көптеген элементтері сіңген. Ал, орыс тілділер жөнінде сөз қозғаудың өзі артық. Ұлттық психология болмаған жерде өз тілімізде жаңа сөз жасап, оны қабылдай алмаймыз. Яғни, ұлттық терминжасаудың келесі көзі — ұлттық психология. Ұлттық психология болмаған жерде терминдер ғана емес, жаңа сөздердің өзін дұрыс қабылдап, қолданысқа енгізе алмайтын боламыз. Бір ғана мысал, осы уақытқа дейін, тіпті, әлі күнге дейін біздің түсінігімізде неологизм сөз дегеніміз тек өзге тілден енген сөздер болуы керек сияқты болып тұрады.

Үшіншіден, ұлттық психологиямен байланысты келесі әсер етуші фактор — ұлтжандылық, отаншылдық қасиеттер. Бізде қандай дәрежеде екендігін айту артық болар. Бұл қасиеттер ұлттық терминжасамның ғана емес, ұлт тілінің де алдында тұрған проблема. Ал бұған кері әсер ететін орыс тілділеріміз тағы бар. Қалыптасқан сөздік, терминдік қолданыстарды саналы түрде қолдануға өзімізді-өзіміз қинағымыз келмейді немесе өз ұлттық мүддемізді түсінгіміз келмейді. Бәрін де тілдер арасындағы байланыстың табиғи заңдылығымен түсіндіруге ұмтылатын жағдай да бар. Ал бұл ең бастысы ұлт тағдырына, ұлт ұрпағының тағдырына балта шабу екендігін саналы аңғару керек сияқты.

Төртіншіден, термин жөніндегі дұрыс түсінік қажет. Біз сөз бен терминнің арасының өзін ажырата алмай жатамыз. Біздің қоғам үшін қоғамдық-тұрмыстық лексика қорына жататын күнделікті қолданыстағы сөздердің барлығы терминге қабылданады. Мысалы, *жол оқигасы, дүкен, сынып, дәрісхана, шенеунік сияқты* т.б. толып жатқан сөздердің барлығы термин сөздерге жата бермейді. Әрине, термин мен сөздің арасында байланыс бар. Бірақ терминде шектеулі ұғымның болатындығы, оның тұлғасы оқшаулау болғанымен, қолданыла келе қалыптасып кететіні, сөзге қарағанда терминнің тұлғасында шарттылықтың басым болатындығы жөніндегі белгілерді ажырату қажет. Соның салдарынан көпшілігімізге терминдердің де тұлғасы сөздер сияқты бәрімізге түсінікті, төселген болуы керек сияқты болып тұрады. Ал шын мәнінде олай емес. Бұл фактор келесі фактормен тығыз байланысты. Дегенмен, келесі факторға тоқталмас бұрын термин сөздер мен қалыптасып жатқан жаңа сөздердің арасындағы ұқсастықтар мен айырым белгілерді көрсетіп беруге ұмтылдық. Ең алдымен, жаңа жасалған термин әрі жаңа сөз ретінде қалыптасып, терминологиялық өрісте терминнің, жалпыхалықтық тіл аясында жаңа сөздің қызметін атқара береді. Мұндай жағдайда жаңа тілдік бірліктің не термин болуын, не жаңа сөз болуын қолданылатын өрісімен айқындау керек. Мысалы, соңғы кезеңде экономика саласында қолданылып жүрген *кәсіпкер* термині қолданысына байланысты әрі термин, әрі жаңа сөз бола алады. Немесе *бейнетаспа* термині әрі термин ретінде телевизия саласында қолданылып, әрі тұрмыстық лексикада да жаңа сөз ретінде қолданылады.

Ал кейбір тілдік бірліктер тек термин ретінде терминологиялық өрісте қолданылады. Мысалы, *бан* термині тек заң саласында, *сөзжасам* термині тек тіл білімінде қолданылып, жалпыхалықтық лексикада жаңа сөз ретінде қолданылмайды. Бұған керісінше, кейбір жаңа сөздер жалпыхалықтық қолданыс мақсатында жасалып, сол өрісте ғана қолданылып, термин ретінде мүлдем жұмсалмайды, ешқандай ғылым саласының жүйесіне жатпайды. Мысалы, *аялдама, тұрақ, автотұрақ, кітапхана, ойынхана, сырахана, көлік жуу, мейрамхана* сияқты сөздердің ешқайсысы да термин сөздер бола алмайды. Өйткені, ол сөздердің ешқайсысы да ғылым саласының жүйесіне қатыссыз, терминологиялық өрісте қолданылмайды.

Сондай-ақ, терминді ажырататын ең басты белгілердің бірі — оның белгілі бір ғылым саласының жүйесіне қатыстылығы деген қорытынды жасауға болады.

Бесіншіден, сыннан гөрі саналы әрекет, яғни, нақты тілдік қолданысқа, оны қалыптастыруға деген ұмтылыс керек. Ал бізде сын көп, саналы әрекет аз. Қолданбаймыз, өзіміз термин жасамаймыз, термин табиғатын түсінбейміз, аудармаймыз. Бұл ұлттық терминдер қалыптастыру ісіне жетелемейтіні шындық. Сондықтан біз үшін А.Байтұрсынұлы жасаған аударма шеберлігін, одан бергі кезеңдерде де пайдаланған Қ.Жұбанов сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі тәжірибелерін пайдалану керек [5,44].



Алтыншыдан, дұрыс аударма қажет. Аударманың үнемі сәтті шыға бермейтіндігі белгілі. Бұл түсінікті. Бірақ оған не қажет? — деген орынды сұрақ туындайды. Дұрыс аударма үшін сапалы ұлттық мамандар терминология саласымен де айналысуы керек. Ұлт тілін меңгерген, әрі мамандықты меңгерген ұлттық маман сапалы термин жасауға негіз бола алады. Ал бұл жөнінде белгілі терминолог-ғалымдардың қай-қайсысының да еңбектерінде айтылады. Ал бізде термин ісімен тек тілшілер айналысуы үйреншікті жағдай. Басқа сала мамандарынан терминолог-мамандар дайындау ісі жолға қойылмаған. Терминология осыған дейін тіл білімінің бір саласы — лексикологияның аясында қарастырылып келгендігін айттып жүрміз. Ал шын мәнінде, лексикология емес, тіпті тіл білімімен байланысты болса да, терминологияның табиғаты өзгешелеу. Ол салааралық ғылым саласы және салааралық пән ретінде жоғары оқу орындарында барлық мамандықтарға жүргізілуі тиісті. Әр салаға қатысты терминолог-мамандар дайындаудың бір көзі де осында жатыр. Ал мұндай механизм басқа елдерде осы бағытта дамып отыр. Оны орыс, неміс, ағылшын, америкалық ғылымындағы терминологияға қатысты ғылыми еңбектер мен көзқарастар дәлелдеп бере алады. Терминологияның, оның ішінде, ішкі терминжасам көздерінің іс жүзінде дамуына әсер етуші бірден-бір фактор, әрі термин шығармашылығындағы ұлттық бағыттағы істердің жүргізілуінің негізгі бастамасы — мектеп және мектеп оқулықтары болуы тиіс. Өйткені, қазіргі буынның санасында ескі терминдік ұғымдар сіңісіп кетті десек те, келесі буынның, өсіп келе жатқан әрбір жас буынның санасында ұлттық терминдерді қалыптастырушы, оның болашақ қоғамдағы, ғылым алдындағы орнын нақтылайтын бірден-бір көз — мектеп оқулықтары болып табылады. Мектеп оқулықтары тек қана жас буынның, санасына жаңа терминдік қолданыстарды сіңіріп қана қоймайды, олардың ары қарай да ұлттық үрдісте дамуына әсер етеді.

Психолінгвистикалық тұрғыдан орыс ғалымдарының зерттеулеріне тағы жүгінсек, баланың ана тілінің грамматикалық жүйесімен қарулануы оның психологиясының дамуына да әсер ететіндігін А.М.Шахнарович: "Ана тілінің грамматикалық құралдарымен қарулану, синтаксистік жүйесін игеру, предикаттық сөйлем құраушы тілдік қатынастарын игеруі тек қарым-қатынас барысында жүзеге асатын және қарым-қатынас үшін жұмсалатын сияқты. Бұл үрдіс баланың психикалық дамуымен, еңбек әрекетінің дамуымен тығыз байланысты" [6,54], - деп көрсетеді. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде терминология тұрғысынан дұрыс қалыптасқан, дұрыс жасалған, сұрыпталып, орныққан терминдерді қамтитын оқулықтар шығарылуы тиіс. Сонымен, түйіндей айтсақ, бұл біз байқаған, мүмкіндігінше дәлелді түрде анықтауға ұмтылған ұлт тілінің негізіндегі терминдерді жасауға әсер етуші факторлардың негізгілері ғана. Олардың ішінде ұлттық психология мен аударманың қазіргі қазақ терминжасам жүйесіндегі негізгі көздердің бірі екендігіне көз жеткіздік. Өзге де ұлттық

терминжасам жүйесінде маңызды қызмет атқаратын әр түрлі қозғаушы күштер анықталып, олардың ықпалын нақты мысалдармен көрсете алдық. Дегенмен оларды толық айқындап, жүзеге асыру термин жасау ісіне әрі теориялық, әрі практикалық тұрғыдан қажетті іс болып табылады.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. – М.: Наука, 1961. -46-54 с.
2. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. - М., Либроком, 2012, -248 с.
3. Даниленко В.П. Русская терминология. – М., 1977, -246 с.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. - Алматы: Ғылым, 1998. - 208 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы:Ғылым, 1999. -581 б.
6. Шахнарович А.М. Национальное и универсальное в развитии речи ребенка // Национально-культурная специфика речевого поведения. -М.: Наука, 1977. -54-67 с.



*Жамал Манкеева,  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
лексикология бөлімінің меңгерушісі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

## Ұлттық тілдегі терминдік жүйе мәселесі

Қазіргі тәуелсіздік кезеңі мен жаһандану дәуіріндегі өзекті мәселенің бірі – қазақ тілінің қолданыстық, өміршеңдік және ұлтты бірегейлендіру қызметін күшейту. Соның барысындағы оның негізгі сипаты тілдің рухани-әлеуметтік жаңғыртуларға сай жаңа деңгейге көтеріліп, қалыптасушы ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін мемлекеттік мүддеге ұластырып, қоғамның түрлі саласында кәсіби тілдік тұлғаның қызмет ету дәрежесін көтеруі және бағдарлауымен тығыз байланысты. Қоғам жан-жақты және жаңа сапада дамыған сайын онымен сабақтас тілдің де сол дәрежеде дамуы – мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес тілдің қоғамдағы толыққанды қызметінің кепілі. Олай болса, ұлттың этномәдени болмысын сақтаған мемлекеттік тілдің осы бағыттағы даму деңгейі бұзылмауы тиіс. Бұл – қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың қазақ тілінің мәні мен қызметін анықтаған ғылыми тұжырымдарынан бастау алған зерделі ой.

Осымен байланысты мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қазақ тілінің қоғамдық қызметін жан-жақты жетілдіру үшін ұлттық тілдегі терминдік жүйені қалыптастырудың қоғам алдындағы маңызы ерекше екенін қазіргі қоғамдық-әлеуметтік өмір тынысы көрсетіп отыр. Мәртебесіне сай тіл қолданысының жаңа да кешенді деңгейінің сипаты мен тілдің бойындағы рухани-әлеуметтік әлеуетіне байланысты бұл өзекті мәселе А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми-зерттеушілік назарынан тыс қалған жоқ. Керісінше, тіл білімінің функционалдық парадигмасы контекстінде терминология мәселесінің жан-жақты қарастырылуы бұл саладағы көптеген міндеттерді жаңаша шешуді көздейді. Соның бірі – мемлекеттік тілдің жан-жақты қоғамдық қызметіне жан беретін ұлттық терминологиялық жүйе қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде терминдену үдерісіне ерекше мән беру, ол үдерісті оған ықпал етуші ұлттық сананың жаңғыруымен сабақтас тану. Осыған орай термин табиғатын түсіндіруде оның қалыптасуын, дамуын жалпы тілдік жүйе мен сол тілде сөйлеуші ұлт таңымына сәйкес қараудың көп мәселелердің шешіміне тиімді әсері айқындалуда.

Нақты айтқанда, ұлттық терминжасамның бастау көзінде белгіленген «әрбір тілдің өз байлығын сарқа пайдалану» қағидасының қазіргі таңда да жаңа сапада жаңғырып іске асуы жалпыхалықтық лексикамен тығыз байланыстырылып, төл тілдік балама табу үрдісі қазақ терминологиясын қалыптастырудың жаңаша көзқарасын сипаттап, ұлттық терминология қалыптастырудың ғылыми



қағидасы ретінде анықталды (Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиев еңбектерінде, т.б.). Осыған орай қоғамдық-әлеуметтік қызметінің кеңеюі мен мемлекеттік мүддеге сай ұлттық лексиканың мүмкіндіктерін толығынан іске қосудың негізгі тетігі ретінде терминдену үдерісі ғылыми негіздерінің арнайы зерттелуінің мәні ерекше (Ш.Құрманбайұлы).

Қазақ терминологиялық жүйесі дамуының қазіргі кезеңінде күрделі сипаттамалы терминдер қатары молая түсуде. Осымен байланысты арнаулы лексикадан құралатын терминологиялық аталым мен жалпы лексикалық аталым үдерістерін саралап, бастапқы уәждемелерін анықтау мәселесінің де қазіргі қоғамдағы ғылыми коммуникациямен үндес зерттелуі де (Қ.Айдарбек) А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қабырғасында жүргізіліп жатқан ізденістердің көкейкесті мәнін көрсетеді.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында ұлттық төл мәдениет – рухани қалыптасудың негізгі көзі екені анықталған жайт. Сол сияқты рухани мәдениеттен таралуға тиіс ғылым тілін «қазақыландыру» бағытының да негізгі бастау көзі осы болмақ керек. Осыған орай қазақ ғылыми тілінің басым пайызын құрайтын халықаралық стандарттағы терминдердің қазақша баламаларын жасауға бетбұрысты, терминдерді «қазақыландыру» үрдісін – «солақай» немесе «пуристік бағыт», «әлемдік өркениеттен алшақтау», «ұлттық жырақтық» деп сипаттау – біржақты түсінік. Қазіргі заманда кез келген өркениетті мемлекетте ұлттық терминологиялық жүйенің қалыптасуы – қоғам мен тіл арасындағы байланыстан, ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдденің тоғысуынан, танымдық негіздерімен сабақтасуына мән беруден туындайтын, ғаламдасуға бір бөлшек боп енетін жаңаша дамудың заңды үрдісі. Нақты айтқанда, ол ғылыми түсініктерді белгілейтін тілдік құралдардың атауларын қалыптастыруда ұлттық ұғымды арқау етіп, қазақ терминдерінің төл тілдік баламаларын жасаудың, ғылым тілін қазақша «сөйлету» әрекетінің барысындағы үрдістің жаңаша даму деңгейін көрсетеді. Мысалы, қазіргі қазақ тіл біліміндегі тіркесімділік (валентность), уәж (мотив), уәжділік (мотивированность), тілдік тұлға (языковая личность), тілдік жағдаят (языковая ситуация), үстірт құрылым (поверхностная структура), т.б. терминдер – соның нақты айғағы.

Бірақ көп жағдайда терминдердің құрылымдық табиғилығын сақтап, төл тілдік сөздің нақты, жіктелген ішкі мазмұны тірек етілгенімен, сөздің негізгі, жалпы мазмұны, семантикалық құрылымы, ұғымдық көлемі терминдік дефиницияға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан терминжасамдық үдеріс барысында аталымдар жарыспалылығының, емлелік ала-құлалықтардың, тіл нормасынан ауытқушылықтың, тілді пайдаланушылар тарапынан ұсыныстардың, сыни пікірлердің айтылып жатуы – заңды құбылыс. Мысалы, қазір жарыса қолданылып жүрген отбасы, жанұя, үйелмен сөздерінің «семья» атауына қатысты баламалық қолданысына қатысты пікірлерді қараңыз. Мұның себебін академик Р.Сыздық



«термин жасау мәселесінің құрылымдық-тілдік және ұғымдық-семантикалық екі жағы болатындығының ескерілмеуінен» деп санайды. Яғни ғылыми терминдер заттың атын емес, ұғымның атын білдіреді.

Осы тектес терминдерді қабылдауда әртүрлі «көру бұрышының» пайда болуын да, жоғарыда көрсетілгендей, бүгінгі күні біртекті сөз мағынасы дефинициясының әртүрлі сипатталуымен түсіндіруге болады. Дәл қазіргі қоғамдық-әлеуметтік ахуал мен тілдік жағдаят контекстінде терминденген сөзді индивидтің жетістігі ретінде қабылдаудың қажеттілігі психолингвистикалық тұрғыдан адамның тілін сөйлеу тетіктерінің қызметі мен әрекеті тұрғысынан сипаттайды. Басқаша айтқанда, қабылданатын терминді түсіну барысында адам өзінің жадындағы таныс сөздерді іздестіріп, оны жаңа терминмен байланыстыру үшін қандай тәсілдерге сүйенетінін анықтайды. Себебі адамның күнделікті өмірінің барысында қалыптасқан ой-саналық (ментальді) құрылымы индивидтің жан дүниесінде пайда болған жаңа әлемді (дүниені танудың тілдік әлеміне сай), социумды айқындайды. Психолингвистикалық әдісті білімге қол жеткізу мүмкіндіктері деп қана емес, білім алу, түсіндіру тәсілдерін де қамтитын талдау үлгісі ретінде бағалауға болады. Мұндай тәсілді қолдану барысында тіл мен оны тұтынушы қатынасына сай туындайтын тілдік процестер және оның нәтижесіндегі индивидтің тілдік санасында «қандай жаңа мағына қалыптасады, оның сөйлеу қызметіне байланысы қандай?» деген мәселелерге мән беріледі. Сондықтан да сол мағынаны анықтайтын, яғни индивид қолданатын лексикалық мағынаны таза вербалды тілдік құралдардың орнын толтыруға көңіл бөлінеді. Мұндай мағынаның орнын толтыру адамның сөйлеу әрекетінің, коммуникативтік қызметінің жетістігі ретінде қажет. Осымен байланысты тілдің ішкі құрылымындағы когнитивтік (танымдық) процестер немесе тілдік санадағы қайта өңдеу әрекеті (терминдену) арқылы тіл шығармашылығында жаңа мағынаны қалыптастыру іске асады, ұлттық санадағы танымдық сабақтастықтың жемісі үзілмейді. Мысалы, тұсаукесер, құрықтау, билік, т.б.

Адамның жан дүниесінің мазмұны вербалды сипатта жинақталған білім, ассоциация, түрлі әсерлер, т.б. қорынан құралып, тіл тұтынушы танымындағы жалғастырушы, тұтастырушы арқау ретінде оның тілдік санасында бейнеленеді. Мысалы, көсем сөзінің бұрынан түсініктілігі – «алда жүруші», «бастаушы» деген ассоциация екі сыңардан құралатын етістік тұлғасын атайтын лингвистикалық көсемше терминінің қалыптасуына негіз болады: бара жатыр, алып келді, т.б.

Көріп отырғанымыздай, тілдік тәжірибеде көбінесе төл тілдік сөздің ішкі мазмұнын тірек ету үшін интернационалдық терминдердің сыртқы құрылымы, дефинициясы қазақшаланады да, терминнің семантикасына балама іздестіріледі.

Жоғарыда көрсетілген терминжасам мен терминдену үдерісінің теориялық мәселесімен сабақтас практикалық мәселелердің бірі – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолдану жолында өзекті қоғамдық-әлеуметтік мүддеге айналып отырған, бүгінгі таңда тілді тұтынушы

талаптарын қанағаттандыратын нақты салаларға, атап айтқанда, мемлекеттік тілдің мамандыққа сәйкес меңгерілуін зерттеу.

Әртүрлі нақты салаларда қазақ тілін қолдануда оның қажетті деңгейде кәсіптік бағдарлы біліммен ұштастыруға бағытталған коммуникативті-функционалдық қағида ұғымдарын тірек қылатыны белгілі. Осымен байланысты, мысалы, мұнай-газ мамандығы саласында қазақ тілін қолдану арқылы арнаулы сала тілін қалыптастыруды мақсат еткен зерттеу жұмыстарының нәтижесі кәсіби-әлеуметтік қолданысқа сай аса тиімді болып отыр. Себебі болашақ мамандар еңбек етуге тиіс мұнай-газ саласында қазақ тілін тұтыну – қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының тек экономикалық мәнін ғана емес, сонымен бірге халықаралық қатынас жүйесіндегі саяси, мәдени-әлеуметтік мәнін сипаттайтын кешенді де күрделі мәселе. Сондықтан салалық терминология негізінде мемлекеттік тілді жоғары деңгейде меңгерген, оны кәсіби ортасына байланысты жан-жақты қолдануды жақсы игерген ұлттық мамандардың тілдік тұлғасын қалыптастыру ісі өзінің қоғамдық-әлеуметтік маңызына сай тілді дамытуға байланысты мемлекеттік бағдарламалармен сабақтасады. Тәуелсіз ҚР-дағы индустрияландыру бағытына сәйкес Қазақстан өнеркәсібінің болашағы – білікті кәсіби жас мамандардың қолында. Сондықтан оларға мемлекеттік тілді мамандыққа сәйкес меңгерту – бүгінгі өмір талабы. Осымен байланысты зерттеулерде қазақ тіліндегі кәсіби лексиканы қалыптастыруды іске асырудың ұтымды жолдары анықталғанын мынадай нәтижелерінен көруге болады:

Кәсіби лексиканың мамандыққа қатысты атқаратын қызметіне сай үш түрін көрсету (кәсіби-бағдарлық, кәсіби-тақырыптық, кәсіби-шығармашылық). Оның негізіне мамандыққа байланысты күнделікті өндірістік іс-әрекетте қолданылатын, тұтынылатын тілдік қолданыстар, сәйкес мәтіндерден, оқулықтардан, салалық сөздіктерден жинақталған тілдік деректер пайдаланылады;

Тілді зерттеу барысы да, тілді оқытып, үйрету барысында да бұрын тілдік жүйенің жазбаша формасы негізінде жүргізілсе, соңғы кезде прагмалингвистика, когнитивтік және коммуникативтік лингвистика бағытына сәйкес тілдің сөйлеу кезіндегі тілдік көрінісіне, яғни нақты сөйлеу әрекеті ауызша мәтінге ерекше мән беру.

Қазақ тілін мамандыққа сәйкес ұлттық терминология негізінде меңгерудің тәрбиелік мәніне, атап айтқанда, оларды арқау етіп құрылған мәтіндердің психологиялық, ұлттық танымдық мәніне ерекше көңіл бөлінеді. Оны дұрыс та дәл таңдалған тиісті газет мәтіндерінің тілді меңгерту үшін оқу-әдістемелік құралдарында, оқыту процесінде қолданылуынан көруге болады. Осыған орай жүргізілетін талдау жұмыстарының ғылыми әдістемелік негізі танымдық уәжбен сабақтастырылып тұжырымдалады. Сайып келгенде, осы тектес зерттеулер нәтижесі болашақ маман иесінің ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастырып, олардың ана тіліне, ұлт мәдениетіне, кәсіби мамандығына деген құлшынысын арттыруға қызмет етеді.



*Назима Әшімбаева*

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## Ұлттық салалық терминдерді қалыптастыру мәселесі

Терминологиялық лексика қоғамның рухани, мәдени, саяси өмірінде туындап жатқан өзгерістерге байланысты дамып, байып отыратындығымен ерекшеленетіндігі белгілі жайт. Осындай өзгерістерге сәйкес қандай да бір арнаулы саладағы терминдер терминологиялық өріспен шектелмей, жалпы қолданысқа түсуі мүмкін. Мәселен, нарықтық қатынастарға көшкеннен бері *акция, аукцион, бизнес, инвестиция, инфляция, маркетинг, менеджер, аудит* және т.б. тәрізді көптеген экономикалық терминдерді атап өтуге болады [1,52]. А.Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты құнды еңбектерінен бастау алатын қазақ терминологиясының ғылыми-практикалық мәселелері әлі күнге дейін қарқынды зерттеліп келе жатыр. Терминдердің қызметі мен оларға тән ерекшеліктерді айқындау, жалпы терминологияның даму бағытын бағдарлау, салалық терминдер жүйесін қалыптастыру, терминжасам әдіс-тәсілдерін саралау, терминденген атаулардың жасалу жолдарын айқындап, талдап беру – осы мәселелердің шешімін табудағы басты міндеттер болып табылады.

Соңғы жылдардағы қазақ терминологиясы салалық терминдер жүйесінің қалыптасуын әлі де болса заман талабына сай деп айта қою қиын. Себебі салалық терминдер жасау қазақ тіл білімінде кенжелеп, қалыптасуында бірізділік сақталмай, әркім өз бетінше термин жасауға ұмтылуы кеңінен қанат жайғандығы белгілі. Бұл құбылысты академик Ә.Қайдар: *«Бұған ең басты себеп – заман үрдісі, тіл саясаты, идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – еліміздің ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен тең тұра алмайды деген пікірдің қалыптасуы»* - деп атап көрсетеді [2, 10].

Қазақ терминологиясының күрделі де ауқымды ғылыми-теориялық мәселелері бойынша академик Ө.Айтбайұлының «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988), «Қазақ сөзі» (1997), Б.Қалиевтің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» (1988), Ш.Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998), Ш.Білалдің «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері» (1996), С.Ақаевтың «Терминнің танымдық табиғаты» (2000) атты монографиялық еңбектер қазіргі қазақ терминологиясына елеулі үлес қосқан маңызды зерттеулер болып саналады. Салалық терминдердің дұрыс қалыптасуы, күнделікті қолданыста олардың көпшілікке түсінікті болып, бірізділікпен жүйелі қолданылуы тілдің дамуына тікелей әсер етеді. Олай болса, ғылым салалары

бойынша жазылған ғылыми зерттеулер мен терминологиялық сөздіктердің, аударма сөздіктердің алатын орны ерекше болмақ [3,20].

Терминжасамдағы сөздіктердің маңызы жөнінде академик Ө.Айтбайұлы: «Термин жасап, оны қолданысқа ендірудің бірден-бір дұрыс жолы – сөздіктер түзу болмақ. Түзілген сөздік бір жағынан сол өзі қамтып отырған объектінің дамуын, яғни ғылым саласының дамығанын қаншалықты көрсетсе, екінші жағынан терминологиялық лексиканың нормалана түсуіне, әдеби тіл деңгейінің де қалыптаса бастауына септігін тигізеді», - деп нақтылай түседі [4,14].

Бүгінгі таңда қазақ ғылыми тілін және ғылыми терминологиясын дамыту мақсатында салалық терминдердің ұлттық үлгісін жетілдірудің, жүйелеудің тілтанымдық негіздерін жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл аталмыш мәселе сирек қолданылатын, пассив, көнерген атауларға терминжасамның бір көзі ретінде терминдік мағына жүктеу арқылы термин шығармашылығында кәдеге асыру үдерісін жетілдіру; өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысында ұтымды пайдалану жолдарын көрсету; халықаралық терминдердегі, тіркесті терминдердегі қосымшаларды жүйелеуге қатысты тілдік заңдылықтарды іске асыру; аударма терминдердің синтаксистік (аналитикалық) тәсілдерін, күрделі терминдердің бөлек //бірге жазылу мәселесін ғылыми негіздеу; жуандық (ъ) және жінішкелік (ь) белгілері арқылы таңбаланатын терминдерді қазақ тіліне икемдеу жолдарын нақтылау; терминологиялық бірліктердің ұлттық сипатын күшейту мақсатында салалық мамандарға арналған термин түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуға болатын әдістемелік немесе көмекші құрал дайындау және т.б. негізінде өз шешімін таппақ.

Қазіргі кезде ұлттық ғылыми тілде термин жасау ісі қолға алына бастауына байланысты терминжасамның ұлттық үлгілерін қалыптастырудың қажеттігі анық байқалады. Тіліміздегі кейбір қосымшалар арнаулы салалардың терминдерін жасау барысында өнімді пайдаланыла бастады. Терминжасамда сөздің лексикалық мағынасына тән нәзік реңктерін, мағына көлемін дәл ажырата білу де оңай емес. Оған салалық терминологиялық сөздіктердің кез келгенінен дерлік мысал келтіруге болады. Мұндай кемшілікке жол беру ұлт тіліндегі термин шығармашылығына үлкен нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан терминжасамның лингвистикалық мәселелерін арнайы сөз етіп, салалық мамандарға арналған сөздік түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуға болатын әдістемелік, көмекші құралдар дайындаудың аса зәрулігі айқын аңғарылып отыр. Әсіресе, сөз тудырушы жұрнақтардың қазақ ғылыми тіліндегі қазіргі терминжасам үдерісінде қаншалық тиімді пайдаланылып жатқандығын анықтап, оларды термин шығармашылығында орнымен қалай қолданған жөн екендігін көрсетіп бере алатын практикалық жағынан тиімді құралдар дайындаудың тиімділігі өте зор. Бұл көмекші морфемалардың табиғатын, олардың мағынасы мен қызметін жақсы ажырата білетін, сөзжасам, терминжасам мәселесінен хабары мол тіл маманының атқаратын ісі.

Сөзжасам, терминжасам барысында қолданылатын негізгі тәсілдің бірі – сөз тудырушы жұрнақтар арқылы термин жасау болып табылады. Сондықтан терминқорға енгізілетін терминдердің тіл табиғатына сай, терминге қойылатын талаптарға жауап бере алатындай лингвистикалық тұрғыдан сауатты жасалуы үшін – тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтарды жіктеп, оларды қалай ұтымды пайдалану керектігі көрсетілуі тиіс. Осылайша жұрнақтарды жөнсіз жалғай беру фактілері азайып, жүйеленген ұлттық терминқор қалыптастырудың негізі нығая түспек [5].

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалаларда ғана сөз болып жүрген мәселелердің бірі. Сөзтіркесім – жаңа термин жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырасады. Бұл сөздер аталым дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне жетсе, сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атау дәрежесіне жетуі. Әсіресе аударма терминдерді түпнұсқадағыдай біріктіріп немесе бөлек жазу тәсілдерін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор. Өйткені терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көп компонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен аударылып алынады. Ал орыс тілінде терминжасамның осындай синтаксистік тәсілі өнімді тәсілдің бірі ретінде өте белсенді қолданылады. Сондықтан қай салада болмасын, ұлттық терминжасам үдерісінде тілдік заңдылықтарға (терминжасам амал-тәсілдері мен жолдарына) мейлінше ыждағаттылықпен назар аудару мәселесі жауапкершілікпен жүргізілуі керек. Бұл теориялық бағытта зерттеліп, әрі қолданбалы бағытта жүзеге асырылатын көлемді де күрделі, заманауи жаһандану дәуірінде кезек күттірмейтін өзекті тақырыптардың бірі. Қазақ ғылыми тілінде салалық терминдерді ұлттық үлгіде жаңғырту мүмкіндігінше нақтыланып, өз дәрежесінде пайдаланылуы үшін әлемдік тәжірибедегі терминжасамға қатысты ортақ ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер жан-жақты зерттелуі қажет.

Әлемдік тіл білімінде терминжасамның орнығып, тұрақтанған теориялық ұстанымдары мен практикалық әдіс-тәсілдері бар. Ал осы мәселенің қазақ тілі материалдары бойынша ұлттық үлгіде жетілдіріліп, жүйеленуінің тілтанымдық негіздерін жасау тұрғысында зерттеу жұмыстарын жалғастыра түсу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады [5].

Сонымен қатар жаңа тілдік оралымдар мен жаңа сөздердің, терминдердің елеулі бір бөлігі жалпы көпшілікке тарайтын көздердің бірі – БАҚ болып саналады. Яғни, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында қазіргі кезде әртүрлі қолданылып жүрген терминдерді, жаңа атауларды біріздендіру және ретке келтіру де түйткілді мәселе қатарында. Қазіргі кезде жеткілікті деңгейде сарапталып,

тексерілместен жарыққа шығып жатқан баспа өнімдерінің және арнайы дайындығы төмен не тілді жетік меңгермеген, меңгерсе де оның қыр-сырына тереңдеп бара қоймайтын кейбір хабар жүргізушілерінің нәтижесінде БАҚ тілінің деңгейі төмен деп айтуға әбден болады. Күнделікті мерзімді баспасөз беттеріне және теле-радиохабарларға назар аударатын болсақ, қандай да бір атауды қанша ақпарат көзі болса, сонша түрлі өзгертіп, түрлентіп қолданады (бұл жерде *семья-отбасы, жанұя; класс-сынып, класс; рынок-нарық, рынок* және т.б. көрсету де жеткілікті).

Сондай-ақ бірқатар тіркес сөздерді тұлға жағынан ықшамдап жазсақ не айтсақ, жып-жинақы бір лексикалық бүтін пайда болар еді. Мәселен, *су құбыры-суқұбыр; газ құбыры-газқұбыр; мұнай құбыры-мұнайқұбыр; әуе жолы-әуежол; су сепкіш-сусепкі; жел баққыш-желбағар* және осы іспеттес үлгілерді көптеп келтіруге болады. Осы ретте есепсіз қосымша жалғаудың әсерінен айтуға да, жазуға да қиындық келтіретін бірқатар сөздерді атауға болады: *баламалы/лы/қ, ыңғайлы/лы/қ, ылғалды/лы/қ, құнарлы/лы/қ, үдемелі/лі/к* және т.б.

Сонымен, термин сөздердің бұқаралық сипат алуы күшейіп, құқықтық қатынас, денсаулық саласына, саясатқа, жаңа технология, бизнес, банк ісі, ғылым салалары, тіл мен тарих, мәдениет жөнінде ақпарат алуға деген сұраныс арта түскендігін баса айтқан жөн. Терминдер мен терминдік атаулардың жұртшылықтың игілігіне айналу үрдісі де уақыт өткен сайын қарқын алуда. Бұдан бұқаралық ақпарат құралдарында термин қолдану мәселесіне кеңірек ден қоюға тура келеді деген тұжырым жасауға болады. Терминдік норманы қалыптастырып, реттеуде БАҚ-тың рөлі ерекше болуы шарт. Сондықтан құзыретті органның жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бұқаралық ақпарат құралдарына тигізер ықпалы зор болмақ [6].

Қоғамдық экономикалық қатынастың өзгеруімен байланысты жарнамалық мәтіндер көбейді. Оның ішінде бізді толғандырып отырғаны – өзге тілден аударылып, ұлттық тілімізде беріліп отырған «жарымжан» жарнамалардың аттаған сайын кездесуі. Жарнаманың көп болуы, әрине қоғамның қарқынды дамуын көрсетеді, бірақ олардың сорақы аудармаларын көргенде мемлекеттік тілді дамыту орталықтары мен қалалық әкімдік жанындағы тиісті бөлімдер-инспекциялардың жауапты қызметкерлері қандай күйде болады екен деген ой туады.

Біздің шағын мақала көлемінде жоғарыда атап көрсеткендеріміз, ол болашақта жүзеге асырылуы тиіс ауқымды ғылыми-зерттеу жобасының кейбір парасы ғана. Бұл ғылыми-зерттеу жобасында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмыс барысында терминологияның ұлттық сипатын арттыра отырып, қазақ ғылым тілін қалыптастыру үрдісін таңдаған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Қ.Жұбанов т.б. қазақ зиялылары ұсынған қағидаттар мен терминжасам тәжірибелері, академиктер Ө.Т.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, профессорлар Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы, С.Ақаев, Ш.Білал т.б. ғалымдардың қазақ ұлттық ғылыми терминологиясын жан-жақты



қарастырған еңбектері әдіснамалық негізге алынуы тиіс. Сонымен қатар жалпы терминтаным мәселесі бойынша Д.С.Лотте, В.М.Лейчик, А.В.Суперанская, Татаринов В.А. т.б. шетел ғалымдарының ғылыми еңбектеріне талдау жасалып, әдістемелік-оқу құралдары мен монографиялық еңбектердің, әртүрлі екітілді терминологиялық сөздіктердің, әр сала мамандары мен тілшілердің бірлесіп, қайта толықтырып-өңдеу нәтижесінде жарыққа шыққан (2014) 31 томдық салалық терминдер сөздігінің материалдары сарапталады. Бұл жерде академик А.Құсайыновтың басшылығымен қайта толықтырылып, өңделіп жарыққа шыққан осы 31 томдық салалық терминдер сөздігі топтамасының салалық терминдерді жүйелестіріп, біріздендіруге, оларды ұлттық үлгіде жетілдіре түсуге қосқан орасан үлесін айырықша атап өткен жөн.

Сондай-ақ зерттеу жұмысында ғылыми тілді, ұлттық терминологияны қалыптастыру бағытында жазылған қазақ тіл біліміндегі, орыс тіл біліміндегі ғылыми теорияларға, ғылыми пікірлерге талдау жасау; қазақ тілінде жарық көрген әдістемелік-оқу құралдары мен монографиялық еңбектерден, салалық терминологиялық сөздіктерден материалдар жинақтау; бірге//бөлек жазылуы мәселе тудырып жүрген терминдерді іріктеу; терминжасам барысында пайдаланылып жүрген немесе кейбір өнімді/өнімсіз жұрнақтарды топтастыру және сараптау; мерзімді басылымдар мен баспа өнімдері, аудио және аудиовизуалды БАҚ-ның тілдік материалдары және нормативті сөздіктердің материалдарын талдау, сонымен қатар жаппай науқанды құбылысқа айналып отырған жарнамалық мәтіндерді де негізге алып, оларға ғылыми-лингвистикалық талдау жасау-негізгі міндеттер ретінде белгіленіп отыр. Міне, осы аталғандар қазақ тіліндегі салалық терминдерді ұлттық үлгіде жаңғыртудың негізі ретінде алынып, қазақ тіліндегі салалық терминдердің жүйеленіп, бірізденуіне, реттелуіне мейлінше ықпалын тигізетін болады.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Т.Әбдікерімова. «Отырар алқабы» газет бетіндегі терминдердің сипаты// «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2007 ж. 52-бет.
2. Ә.Қайдар. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы. 1993 ж. 10-бет.
3. Шойбеков Р. Қолөнер лексикасының термин жасауға қатысы// «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы. 2007 ж. 19-бет.
4. Ө.Айтбайұлы. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы. 1988 ж.
5. Ш.Құрманбайұлы. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы. 2005 ж.
6. Н.Уәли. Сөз мәдениетінің негіздері



*Жұмакүл Тұрарова**ҚР Заңнама институты Лингвистика  
орталығының аға ғылыми қызметкері.,**Татьяна Еременко**ҚР Заңнама институты Лингвистика  
орталығының кіші ғылыми қызметкері*

## **Заңнамадағы тілдік норманы сақтау мен лексикалық варианттылық мәселесі**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында заңнама сапасын жетілдіру мәселелері қамтылған. Сондай-ақ Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің жылсайынғы Қазақстан халқына Жолдауында 2050 жылға дейінгі ұлттың саяси бағытының бірі ретінде мемлекеттік тілдің дамуын белгілеп, «Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыруды, қазақ тілін жаңғырту, терминология және әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселелерін шешу қажет», - деп атап өткені белгілі.

Осыған орайда, еліміздің заң шығару, норма түзу процесін жетілдіру, заңнаманың орыс және қазақ тілдеріндегі тең түпнұсқалығын, оның ішінде заң терминдерінің бірізділігін қамтамасыз ету назар аударарлық мәселе болып отырғандығы белгілі.

Қолданыстағы заңнамамызда әртүрлі варианттағы сөздер мен тұлғалардың жарысып қолданылуы, терминдердің бірізді пайдаланылмауы сияқты және өзге де көптеген олқылықтардың кездесетіндігі баршаға мәлім. Бұл бір жағынан әдеби тіл мәдениетіне келетін нұқсан болса, екінші жағынан заң нормасының айқын, дәл болуын бұзатын, талқылауда ұғымды әртүрлі түсінуге немесе түрліше пайдалануға жағдай жасайтын мүмкіндік. Ал тілдік норма мен заң стилін бұзатын олқылықтар көбінесе заң жобаларын әзірлеу барысында мәтіндерді, сөздер мен терминдерді дұрыс әзірлеуден орын алып жатады. Бұл орайда жобаны әзірлеу кезінде тең түпнұсқалықты сақтау, сөздердің ішкі айырмашылығын түсініп, мәніне қарай талғаммен пайдалану аса маңызды. Мәселен, заңдарда үнемі қолданылатын ұғымдық атаулар «адам», «тұлға» деген сөздерді [1, 126] алатын болсақ, бұлар стильдік мәні жағынан бірдей емес сөздер, «адам» сөзінің мағынасы кеңдеу, ал «тұлға» сөзінің мәні шектеулі. Жарыса қолданылып жүрген осындай сөздің қатарында «истец» - «талап қоюшы», «талапкер», «қуынушы», «иск» - «талап қою», «талап-қуыным», «қуыным» [2, 108-109], «исковое заявление» - «талап арыз», «қуыным арыз», «ходатайство» - «өтінішхат», «қолдаухат», «қолдау хат», «өтініш», поставщик - «жеткізуші», «берілім жасаушы» деген варианттар бар.

Қорыта айтатын болсақ, фонетикалық, морфологиялық жағынан түрленетін



жарыспа сөздерді, сондай-ақ синонимдер қатарларын пайдалануға жол беру әдеби тіл нормасынан ауытқушылыққа әкелетін жағдайлардың бірі. Тіл мәдениеті, сөз варианттарын нормалау туралы тіл білімі саласын зерттеуші ғалымдар әр кез өз құнды пікірлерін айтқандығы мәлім. Мәселен, ғалым М. Ұйықбаев «Сөз варианттарының көптеген мәселелері әлі де болса жеткілікті түрде шешіліп болған жоқ. Сөз варианттарының проблемасын зерттеудің ғылыми құндылығы шүбәсіз, бұл тіл мәдениетінің өзекті мәселесі.» [3, 5], «Сөздің құбылуы оның варианттарын жасайды, сөз варианттары сөйлеу, жазу нормасынан ауытқу болып саналады [3, 13]. «Терминологияда да жарысып қолданылып жүрген атаулар бар. Термин сөз бір ұғымды білдіру үшін қолданылатындықтан, бір ұғымның бірнеше атауы болуы жайлы жағдай емес, бірақ терминологияда осы құбылыс орын алып отыр. Терминологияда сөз варианттары екі жағдайда кездеседі: 1) халықаралық терминдер мен халықаралық атаулардың жарысып қолданылуы; 2) халықтық атаулардың екі немесе одан да көп вариантта болуы» [3,17] деген тұжырым айтқан болса, ғалым М.Балақаев: «Тілдегі жарыспалы сөздердің пайда болу жолдары терминология, орфография, орфоэпия, стилистика мәселелері, тіл дамуының заңдары алдағы уақытта жан-жақты зерттелуге тиіс» [3,149 б.], - деп атап өтеді. Ал ғалым Р.Сыздық «варианттылық жалпы тілге, тілдік жүйеге тән сипат» [4,80], деп тұжырымдай отырып, оны тілдік жүйеде түрлі амалдар арқылы жарыспалылықты түзетін лексикалық немесе сөз варианттары; грамматикалық варианттар, лексикалық-фонетикалық варианттар қатарларына бөліп қарастырып [4,81], осындай жарыспа варианттардың бірін норма ретінде қалыптастыру тіл мәдениетінде істелуге тиіс шара», - деп атап өтеді [4,88].

Сонымен бүгінгі күні сөз варианттарын зерттеудің маңыздылығы әдеби тілдің бір тармағы нормативтік құқықтық актілер тіліне де қатысты туындап отырғандығы белгілі. Өйткені варианттылық мәселесі қолданыстағы заңнамада да, заң жобаларын әзірлеу кезінде де жиі кездесетіндіктен, бұл шешуді қажет ететін өзекті мәселеге айналып отыр.

Осы орайда, заң жобаларының сапасын қамтамасыз ету мақсатында енгізілген лингвистикалық сараптаманың аса маңыздылығын атауға болады. Осындай жауапты және де ауқымды жұмыс көлемін атқарып отырған Заңнама институтының Лингвистикалық орталығы қазіргі кезде өзіндік тәжірибесі қалыптасқан ұжымға айналған. Аталған Орталық мемлекеттік органдар әзірлеген заң жобаларының лингвистикалық сараптамасын жүргізу арқылы жобалардың тілдік нормаға сай әзірленіп, сөздер мен сөз тіркестерінің, терминдер мен ұғымдардың мәніне сай дұрыс пайдаланылуына бағыт-бағдар беріп отырған ұжым. Сарапшылар сараптаманы заң техникасының әдіс-тәсілдері ретінде тілдік норманың лексикалық, грамматикалық және функционалдық стильдік ерекшеліктерін, сондай-ақ ресімдеу талаптарының сақталуын басшылыққа ала отырып жүргізіп, осы нормалардың сақталуын мәтіндерді тексеру, салыстыру, талдау, әдістерін қолдана отырып анықтайды, ал мәтін бойынша түзету енгізу қажет болса ұсыныстар береді. Бұл ұсыныстар нормативтік құқықтық актілер тілінің дәлдігін, анықтығын, логи-

калық дұрыс болуын жетілдіруді қамтамасыз ету мақсатында көбіне әдістемелік-редакторлық пысықтау жұмыстарын жүргізумен жүзеге асырылып отырады.

Сонымен бірге, қолданыстағы заңнамадағы тілдік норманың сақталуын жетілдіру мақсатында биылғы жылы Заңнама институтының Лингвистикалық орталығында «Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақ тіліндегі заң лексикасының қолданылуына мониторинг жүргізу» тақырыбындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламасы бойынша қолданыстағы 62 заңға талдау жүргізу жоспарланған. Осы шара шеңберінде заңнамадағы варианттық сияқты олқылықтарды айқындау, оларды жинақтау, талдау нәтижелерін қорытындылау арқылы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу көзделген.

Нормативтік құқықтық актілерді талдау барысында көптеген жаңа атаулардың, кейбірі тілдің құрылымына қайшы, жарыса қолданыс тапқан заң лексикасында орныққан лексикалық бірліктердің (өзге тілден аударылмай қолданылған, кірме сөздерді қоспағанда) кездесетіндігі анықталды, олар, мәселен, «оралман» [4,29-32б.], «өлшемшарт», «теңгерілім», «үдеріс», «заңдық құзыр», «телім», «қондырғы», «құрамбөлік» және т.б. терминдер. Сонымен бірге, тілдің сөз қолданысы, сөз жасам мен тұлға-тәсілдерінің нормасына сай келмейтін варианттар да (орыс тілінен аударылған кейбір түбір тұлғаға жалғау жалғаумен жиі кездесетін) анықталды. Мысалы, перевозки -тасымалдау - тасымалдаулар, мерзім - мерзімдер, бап - баптар, тармақ - тармақтар, тармақша - тармақшалар. Сонымен, заң стилі, сөйлем түрлері, сөз тіркесімдері, мәтіннің құрылымы, лексикалық өзгешелігі қатаң сақталатын нормативтік құқықтық актілердің өзінде де көптеген тілдік олқылықтарға, оның ішінде вариантты қатарлардың қолданылуына жол берілгендігі анықталды.

Заңнамада кездесетін бірқатар осындай олқылықтарды нормативтік құқықтық актілердің атауын көрсетіп және ондағы варианттық бірліктерді талдай отырып: лексикалық немесе сөз варианттары; грамматикалық варианттар; лексикалық-фонетикалық варианттар [4, 81 б.] деп топтастырып кестеде көрсетіп отырмыз.

Заң атауы	Лексикалық немесе сөз варианттары	Грамматикалық варианттар	Лексикалық-фонетикалық варианттар	Дұрыс варианты, ескертпе
«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 Заңы	оперативно-диспетчерское управление - оралымды-диспетчерлік басқаруды, жедел-диспетчерлік басқаруды			жедел-диспетчерлік басқаруды



		технической диспетчеризации - технические диспетчерлендіру		техникалық диспетчерлеу
	оперативные распоряжения - жедел өкімдерді орындамайтын			шұғыл өкімдерді орындамайтын
	единой электроэнергетической системы - біртұтас электр энергетикасы, бірыңғай электр энергетикасы			бірыңғай электр энергетикасы
	собственных нужд - өз қажеттіліктері			
	нужды - мұқтаждықтарына			мұқтаждықтары
	возобновления - қайта басталған, қайта бастау			
	возобновляемых - жаңартылатын			жаңартылатын
	критериям -өлшемшарттар, өлшемдер			өлшемшарттар
«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңы	возобновляемые источники энергии – жаңартылатын энергия көздері			жаңартылатын энергия көздері

<p>«Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 904 қаулысы</p>	<p>возобновляемых источников - жаңартылған энергия көздерінен</p>			<p>жаңартылатын энергия көздері</p>
<p>«Баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялардың қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 8 шілдедегі № 458-IV Заңы</p>	<p>технической диспетчеризации - техникалық диспетчерлеу</p>			<p>техникалық диспетчерлеу</p>
<p>«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы ғылым және технологиялар саласындағы 2013 - 2015 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 22 қазандағы № 1130 қаулысы</p>	<p>возобновляемые источники энергии (биоэнергия, солнечная энергия, солнечно-термическая и ветровая энергия) – қалпына келтірілетін энергия көздері (биоэнергия, күн энергиясы, күн-термиялық және жел энергиясы)</p>			<p>жаңартылатын энергия көздері</p>
<p>«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1787-XII Заңы</p>		<p>мероприятий(я) - шаралар, шаралар</p>		<p>Іс-шаралар</p>



Терминологияның зерттелуі және салалық терминдер мәселесі

<p>«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Заңы</p>	<p>пограничная полоса - шекаралық белдеу</p>			<p>шекаралық белдеу</p>
<p>«Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль тасымалдарына бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 қыркүйектегі № 1358 қаулысы</p>	<p>пограничную полосу - шекара жолағы</p>			
<p>«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Алтай" трансшекаралық резерватын құру туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 954 қаулысы</p>	<p>полосы государственной границы - мемлекеттік шекараның жолағы</p>			
<p>«Өндірістік кооператив туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы № 2486 Заңы</p>			<p>вправе - хақылы</p>	
<p>«Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 236 Заңы</p>			<p>вправе -хақылы</p>	

<p>«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 24 қазандағы № 2-IV Заңы</p>			<p>вправе- кұқылы</p>	<p>кұқылы</p>
<p>«Еркін сауда аймағындағы техникалық тосқауылдар жөніндегі келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 наурыздағы № 340 қаулысы</p>			<p>вправе -хұқылы</p>	
<p>«Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 1275 қаулысы</p>	<p>юридических экспертиз - заңи сараптама- лар</p>			<p>заң сарап- тамасы</p>
<p>«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы № 910 қаулысы</p>	<p>юридическую экспертиз- заңи сараптама</p>			



<p>«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 95 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 сәуірдегі № 528 қаулысы</p>	<p>юридическая экспертиза - құқықтық сараптамасы</p>			
<p>«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1202 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 2060 қаулысы</p>	<p>экспертиза - ғылыми құқықтық сараптамасы</p>			

Варианттарды көрсете отырып, оларды ішінен нормаға сай бір варианты тандап, қолданысқа ұсынуды жөн көрдік. Осындай варианттықтан арылу, ең алдымен терминге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін атауларды қолданбаудан, сондай-ақ жарыса қолданатын нұсқалардың біреуін ғана орнықтыру үшін іріктеп пайдаланудан басталуы қажет. Сонымен бірге сөзжасам, терминжасам тәсілдерін дұрыс пайдалану, жаңа қолданысқа енетін терминдер мен атауларды талғаммен пайдаланудың да маңызды екендігін ескеру керек. Бұлайша талдау сөздер мен ұғымдарды, терминдерді мәніне қарай дәл әрі дұрыс вариантын пайдалануға және оны тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, осындай тәсілді қолдану заң жобаларын әзірлеу барысында заң тілі мен стилі талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге де жәрдемдеседі.

Қолданыстағы заңнамамыз сан саланы және түрлі деңгейдегі актілерді қамтитындықтан мұндай талдауды жүргізу оған көп уақыт бөліп, талдау жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Мұндай жұмыстар тек Лингвистикалық орталық шеңберінде ғана жүргізіліп қоймай салалық заңдар бойынша тиісті мемлекеттік органдар құрылымдарының күшімен жүргізілсе де тиімді. Осы тәжірибе заңнамадағы мән-мағынасы әртүрлі, әртүрлі түсінуге және талқылауға болатын нормаға қайшы сөздер мен сөз тіркестерін, терминдер мен ұғымдарды түзетуге, заңнама сапасын жетілдіруге бағытталған біріздендіру жұмыстарының тиімділігін арттырады. Бұл орайда талдау жұмыстарын жүргізу кезінде немесе заң жобасын әзірлеу кезінде болмасын әдеби тілдің нормасын басшылыққа алу аса қажет. Көпшілік қауым дұрыс деп таныған, жалпыға ортақ сөз қолдану, сөйлем құрастыру, сөз



жасау, сөзді дұрыс дыбыстау, сауатты жазу заңдылықтарын сақтауға, яғни тілдік амалдарды дұрыс жұмсауға бағытталған жұмыстың қай-қайсы болмасын заң жобаларын нормаға сай әзірлеудің кепілі. Бұл ретте лексикалық бірліктерді бірізділікке келтіру ең алдымен варианттардың ара-жігін ашуды, олардың арасынан мәніне сай келетін бірлікті (олардың бірдейлігін, екітүрлі мәнде түсінілмеуін және ұғынылмауын) айқындау және нормативтік құқықтық актілердің сатылық деңгейіне қарай жүйелі түрде пайдалануды орнықтыруға кол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы жұмыстарды іске асыру және олардың қорытындысы бойынша алынатын тәжірибе мен әзірленетін ұсынымдар заң жобаларын әзірлеумен айналысатын мамандарға бағыт беретіндей әдістемелік негізге айналуы тиіс.

Сонымен бірге заң жобаларын әзірлеумен айналысатын мамандар және аудармашылар үшін алдағы уақытта заң техникасы, тілдік норма, заң стилі мен лексикасы, термин, терминология туралы жан-жақты мәліметтер беру мақсатында арнайы семинар-отырыстарды ұйымдастырудың немесе мемлекеттік органдардың тиісті құрылымдарымен бірлесе ашық талқылау-кездесулерін өткізудің де көмегі мол.

Қорыта айтқанда, қолданыстағы заңнаманың, қабылданатын нормативтік құқықтық актілер жобаларының сапасын жетілдіру мақсатында атқарып отырған ісіміз осы бағыттағы практикалық та, теориялық та мәселелерді жете білумен және оларға қатысты үздік тәжірибелерді анықтаумен және жұмысымызда іске асырумен нәтижелі болады деп қорытуға болады.

### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Н.Примашев. Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау. - Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, №3(39) 2015. -125-127 б.
2. М.Айымбетов. Сөздік – терминді біріздендіру құралы. - Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, №4(39) 2013. - 108-109 б.
3. М.Ұйықбаев. Тіл білімінің анатологиясы. Қазіргі қазақ тіліндегі вариантылық проблемасы. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 162б.
4. Р. Сыздық. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы), Астана, Елорда. 2001. -230 б.
5. «Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақ тіліндегі заң лексикасының қолданылуына мониторинг жүргізу» тақырыбындағы іргелі және қолданбалы зерттеу бойынша 2016 жылғы 1 тоқсанға арналған талдау жұмысы (01.03.2016ж.)



*Бердібек Биаров*

*С.Аманжолов атындағы ШҚМУ доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## Қазақша термин қайтсе жақсарады?

Қазақша термин жасау мәселесі, былайша алынғанда, бөлендей қиын да мәселе емес. Әдеттегі сөздер қалай жасалса, сөзжасам қандай-қандай тәсілдерге негізделсе терминдер де солай жасалынып, сол теориялық негіздерге сүйеніледі. Солай бола тұрса да, біздің қазақи тілдік ортада қазақша термин жасау дәстүрі әлі күні толыққанды қалыптаса қойған жоқ. Тіпті қазақша термин жасауға деген ынта мен құлық та әр уақыт байқала бермейтін сияқты. Оған себеп – 80-90 жыл бойы қазақ тілінің мәртебесін құлдыратуға, орыс тілінің мәртебесін асқақтатуға бағытталған саясат пен сол жолда істелген арнайы шаралардың нәтижесі деп есептейміз. Ғылыми терминдерді жасайтындар – сөз жоқ әр ғылым салаларының мамандары. Неге екенін қайдам, қазақ ғалымдарының көбі мейлі олар техникалық ғылымдардың өкілдері болсын, мейлі қоғамдық ғылымдардың өкілдері болсын (бұлардың ішінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің өкілдері де бар) терминдерді қазақша жазудың орнына еуропа тілдерінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, солай қолдана салады. Басқа салаларға бармай-ақ, өзіме жақсы таныс қазақ тілі бойынша қорғалып жүрген кандидаттық, докторлық диссертациялар тілі туралы айтсам, бұлардағы жағдай да дәл сондай. Кеше ғана қазақ тілі туралы жазылған бір кандидаттық диссертацияның авторефератын оқып шықтым. Небары 24 беттен тұратын жұмыста 50 шақты латын, грек, ағылшын сөздері (терминдері) қолданылыпты. Солардың ішінде прецедент, рефлексия, геминация, матрица деген сияқты терминдер жүр. Тілші болсақ та түсінбегендіктен, «бұлар нені білдіреді екен» деп шет тілдері сөздігінен қарасам, прецедент (лат.) деген «бұрыннан бар үлгі» дегенді, рефлексия (лат.) – «қайта қарау, қайта ойлану, күдіктену» дегенді, ал гимназия (гр.) – «қайталама дыбыс» дегенді білдіреді екен. Қазақ тілінде жазылған екінші бір диссертацияның авторефератынан суггестия (лат. «сендіру, иландыру»), перлокутие (ағыл. «сөзді сыпайы түрде жеткізу»), иллокутие (ағыл. «сөзді арнайы түрде жеткізу») деген сияқты сөздерді кездестірдік. Шынтуайтына жүгінсек, бұлар термин де емес. Олардың мән-мағынасы неге қазақша берілмегендігі түсініксіз. Бұлар аздық етіп жүргендей, соңғы кезде қазақша жазатындардың арасында арабтың бей-, би- префиистері арқылы сөз жасауға құмартушылардың саны күн санап артып келеді. Олардың алды оқулықтардың тіліне де жетті. Мыс: Ерікті бірлестіктер – бейкоммерциялық, бейөкіметтік ұйымдардың негізгі элементі (Т.Ғабитов т.б. Мәдениеттану. Оқулық. 4-ші басылымы. А., 2005, 334 б.). Жарайды-ақ, бұл оқулықтың төл иелерін (авторларын) тілшілер емес дедік. Қазақ филоло-

гиясы факультетін бітірген, кандидаттық немесе докторлық диссертация қорғағалы отырған тілшілердің еңбектерінде кездесетін бейвербалды, бейәдеби, бейтұлғалық деген сияқты сөздерді қалай түсінеміз?!

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де префикс жоқ екендігі белгілі. Ертеңгі күні біреу болмаса біреу «қазақ тілі» оқулықтарына: «Қазақ тілі – жалғамалы (агглютинативті) тілдердің қатарына да, қопарылмалы (флективті) тілдердің қатарына да жатады» деп, оған дәлел ретінде жоғарғыдай мысалдарды жиып-теріп бермесіне кім кепіл бола алады.

Әлгі диссертация қорғаушыларға «бұларың қалай?» десең «бізге дейінгілердің бәрі бұл терминді осылай қолданыпты» деп жауап береді. Сонда деймін-ау, қазақша терминдерді қазақтардың өздері жасамаса, оларды бізге кім жасап береді? Әдетте біз «ғылым халық үшін» деп жатамыз, бірінші кезекте сол ғылыммыз көпшілікке түсінікті болу керек қой. Ол үшін терминдеріміз қазақша жасалуы шарт.

Кеңес өкіметі кезінде жат жұрттық сөздерді, дәлірек айтқанда, басқаша айтқанда (варвариздерді) бізге терминком арқылы, терминкомға бекіттіру арқылы күштеп, зорлап ендірді. Ал қазіргі кезде, егемендікке қол жеткен уақытта жат жұрттық сөздерді солай алуға бізге кім зорлық жасап жүр? Ешкім де емес. Өзіміздің түсініксіздігімізден, бұған дейінгі бойымызға сіңіп кеткен «ауруымыздан» құтыла алмай жүргендігімізден солай болып тұр. Тіпті «мағынасын ешкім түсінбейтін латын, грек сөздерін көбірек қолдансақ, ғылымның мәні солғұрлым арта түседі» деп ұғатындар да аз емес.

Терминдерді қазақша жасаудың толып жатқан әдіс-тәсілдері бар. Олардың көбі жұртшылыққа белгілі. Біз басқа бір мақаламызда термин жасаудың морфологиялық (түбірге жұрнақ жалғау арқылы, сөздерді біріктіру, кіріктіру, қосарлау арқылы т.б.), синтаксистік (сөздерді тіркестіру арқылы) және семантикалық (сөздердің мағынасын өзгерту немесе толықтыру арқылы) тәсілдеріне жан-жақты тоқталғанбыз. Бұл жерде оларды тағы да қайталап айтып жатқанымыз артықтау болар. Сондықтан термин жасауда ол мақалада айтылмаған басқа бір 2-3 түріне ғана тоқталып өтелік. Олардың біріншісі – айтылуы да, жазылуы да мүлде басқаша шет жұрттық терминдердің орнына өз тіліміздің әдеби, кәсіби, жергілікті тармақтарынан, тіпті болмаса, өзімізбен туыстас түркі тілдерінен балама іздеп тауып немесе қолдан термин жасап, соны қалыптастыру. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. Біз бұл ұсынысты бұрын да айтқанбыз. Бірақ ешкімнің олай қарай аяқ басқысы келмейді.

Қазақша термин жасаудың екінші тәсілі – қай тілдің термині болса да, оны қазақ тіліне аударып қолдану. Бұл мәселеге келгенде біздің біраз аты дар-



дай ғалымдарымыз: – Халықаралық терминдерді аударуға болмайды, оларды сол қалпында алу керек, – деп өре түрегеледі. Неге аударуға болмайды? Қай жылы, қай қалада, қай халықаралық кеңесте дүние жүзі халықтары жиналып, ұсынылған шартқа келісіп, қолдарын қойып, халықаралық терминдердің тізімін бекітті? – деген сұраққа ешкім жартымды жауап бере алмайды.

Халықаралық терминдер дегеніміз – сайып келгенде, латын, грек сөздері. Оларды «аударуға болмайды» деп жүргендер – негізінен еуропалықтар. Оларды түсінуге болады. Өйткені роман тобындағы тілдердің (француз, испан, итальян т.б.) түп төркіні – латын тілі. Ал герман тобындағы тілдердің (ағылшын, неміс, голланд, дат, швет, норвеж т.б.) түп төркіні – грек тілі. Әрине, бұл халықтар термин жасаса, өздерінің ататілдерінде жасайтыны белгілі. Шығу тегі, түп- грек тілі. Әрине, халықтар термин жасаса, өздерінің ататілдерінің негізінде жасайтындығы белгілі. Шығу тегі, түп-төркіні, туыстығы, құрылымы жағынан бұл тілдер бір-біріне өте жақын. Ал бұлардың ешқандай жақындығы да, туыстығы да жоқ, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазақ тіліне не жорық, не сор?! Егер халықаралық терминдерді аударуға болмайды десек, онда академик В.В.Виноградов айтқан 100 мың интернационалдық сөздердің бәрін сол күйінде алып, сол күйінде жазуымызға тура келеді (ол кісінің айтуынша, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін орыс тіліне 100 мың интернационалдық сөздер еніпті. Ал одан бері қанша уақыт өтті? Қазіргі кезде орыс тілінде қанша интерсөздер бар екендігін осыған қарап-ақ есептеп беруге болады). Сонда бұлар кімнің сөзі, кімнің сөздік қоры болады? Ойланып көрелікші!

Қазақша термин жасаудың үшінші тәсілі – шет жұрттық сөздерді қазақ тілінің дыбыстау заңдылығына сәйкес қазақша айтып, сол айтылған күйінде қазақша жазу. Мен біраздан бері термин деп емес, термін деп, екінші буындағы орыстың И дыбысының орнына қазақтың І дыбысын қойып, қолданып келемін. Дәл осы сияқты, қазіргі кезде артист, театр, спектакль, концерт, магистр, медаль, рельс, цемент т.б. деп орысша қолданып жүрген сөздерді әртіс, тыйатр, іспектакіл, кәнсерт, мәгійстір, медәл, реліс, семент деп қазақша қолдануға әбден болады. Сонда алдыңғылар орыс тілінің, соңғылар қазақ тілінің сөздері болып, тіліміз біраз сөздерге болса да байып қалған болар еді. «Орыстың ботинки, бревно, кровать, конфета, сомовар деген сөздерін қазақтардың бәтіңке, бөрене, кереует, кәмпит, самауыр деуі, болмаса қазақтың қазына, қымыз, тауар, теңге, тобылғы, ошақ деген сөздерін казна, кумыс, товар, деньги, товалга, очақ деуі екі халықтың да ата-бабалары ақылсыз емес екендіктерін көрсетсе керек. Біз болсақ, асылдарымыз қалыптастырып кеткен атбекет, жандарал, жағрапия, пәлсапа, сиез деген сияқты біраз сөздерді қайтадан адвокат, генерал, география, философия, съезд дегендерге ауыстырып, тілдік заңға деген таяздығымызды көрсетіп алдық. Бұл не? Сауатсыздық па, санасыздық па?

Екеуі де. Оның үстіне бізге орыс оқуы мен орыс тәрбиесі өтіп кеткен. Соған

қарап, ХХ ғасырда ардақтыларымыз айтқан «Оян, қазақ!» деген ұранды бір ғасыр өткеннен кейін (ХХІ ғасырда) тағы да қайталағың келеді де тұрады.

Мен бұл сөздерді тегіннен-тегін айтып тұрған жоқпын. Қазақша шығып жүрген газет-журналдарға қараңызшы. Оларда кездесетін блокбастер, билборд, гастарбайтер, ди-жей, web-дизайн, web-сайт, марчендайзер, кластер, обудсмен, суицид, шопинг, дельфийлік (ойын), оффшорлық (аймақ), электороттық (топ) деген сияқты жат жұрттық сөздерден аяқ алып жүре алмайсыз. Тіпті бомж, пробка, коттедж дегендерді қазақшалай алмай жүрміз.

Жалпы алғанда, қазақ тілінің лексикалық қорын ұлттық сөздермен байытатын да, шет жұрттық сөздерді жиі қолданып, оны жұтататын да –бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері. Егер олар жаңа ұғымға қазақша атау тауып, оны қалыптастырса, ондай азаматтар тілімізді байытады. Ал егер олар ағылшын сөзін – ағылшынша, неміс сөзін – немісше қолданып, соларын қазақ тіліне тықпыштай берсе, ондай журналистер қазақ тілін тығырыққа тірейді.

Әрбір қазақ өзін қазақпын деп есептесе, қазақ екендігі шынында да рас болса, ондайлар өз саласы (мамандығы) бойынша ғылыми, ғылыми емес ұғымдарды қазақша атаулармен атап, атап қана қоймай, ол атауды қалыптастырса (қалыптастырудың амалы ол сөздерді көп қолданысқа түсіру), мемлекеттік тіл – қазақ тілі, оның терминдері сонда ғана дамиды, сонда ғана қазақ тілінің жұлдызы жанады.



Саян Сыдық  
Аудармашы

## Мекенжай сөзін қашан «тұрақ» деп береміз?

Адрес сөзінің дұрыс аудармасы тұрақ. Кеңес дәуірі кезінде адрес сөзінің аудармасы, осы ұқсас, «мекенжай» болар-ау деп біреу аударып еді, сол қате күйі әлі келе жатыр. Ал енді қызылкеңірдек болып, сен «тұрақ» автостоянка деп тамағымызға жармаса кететіндерге айтарымыз «стоянканың» нағыз аудармасы жай, автостоянка – автожэй, көлікжэй. Өзімізге белгілі «Абай жолы» романында үңгірді паналайтын кедейге қатысты тұсында оның тұрағы деп беріледі. Сонымен бірге «Елім-ай» романында да Қоқандықтардың озбырлығына шыдамай қашатын кедейдің өзін құтқарған бай қазақтарға қатысты, өзінің тұратын жерін айтуында да «тұрағым» деп береді. Тағы басқа әңгімелерді қарасаңыз да адрес сөзі қазақ халқында тұрақ деп беріледі.

Ал «мекенжайға» келер болсақ мекен-жай сөзі асығыс беріліп кеткен. **Біріншіден** мекенжай екі сөзден құралған. Екіншіден мекен-обиталище. Қалмақтардың мекені, жайлауды мекендейді, көлді мекендейді т.б барлығы дәл адресі емес, үлкен территорияны білдіріп тұр. Биологияда қосмекенділер деген сөз бар. Яғни суда да, құрлықта да тіршілік ететін тіршілік иелері. Жай - строения. Мысалы қазақтар үй-жай дейді. Сондағы үй және оның жанындағы қора, құдық, гараж т.б. барлығы жай түсінігіне кіреді. Тұрақ дегеніміз тұрақтап қалған жер.

Екінші жиіркенішті болып кеткен, құлақ етін жеп жүрген сөз программа сөзінің аудармасы.

### Программа – программа

Өзімізге белгілі біз аударған бағдар сөзінің аудармасы – маршрут. Одан шыққан туынды сөз бағдарлама тиісінше – маршрутизатор болуы керек. Мысалы, заң – закон, одан шыққан туынды сөз заңнама – законодательство сияқты. Программа бұл негізі неміс тілінің сөзі, оны орысшадан аударып жатырмыз деген қате. Бізге шетел тілінен енген сөз ретінде сол қалпы қалуы керек.

### Контроль – бақылау емес, қадағалау

Контроль сөзі ешқандай бақылау емес! Осы біздегі үлкен қате болып отыр. Осындай сорақы шатасуды көрген емеспіз. Қадағалау – контроль (бұл сөз ежелгі Түрік қағанаты замынан келе жатқан сөз). КСРО кезінде асығыс аударылып орыны шатасып кеткен. Шынымен де ұқсас сияқты. Алайда «Абай жолы» т.б.

қадағалау сөзі контроль түсінігін береді. Проконтролилуй деген – бақыла емес, қадағала! Бақыла сөзі ешқалай контролироватғын мағынасын бермейді. Қазақтар «Бақсам бақа екен» дейді, сондағы бағу, бақылау наблюдение болу керек. Бақылау сөзінің дұрыс аудармасы – наблюдение. Мысалы магазиндердегі видео-наблюдение – видеобақылау.

Сонымен дұрысы: контроль - ҚАДАҒАЛАУ!!, ешқандай бақылау емес. Өзі білмей үлкен апайларымыздың бәрібір осылай істеймін деп қасарысып даулақанын қайтерсің.

### **Экспертиза мен анализдің орыны ауысып кеткен**

Дұрыстап қарасақ осы сөздердің орыны ауысып кеткен. Экспертизаны – сараптау деп аударғанбыз ал анализ сөзін саралау деп аударғанбыз. Алайда, «Абай жолы» романын оқып отырсақ дәл осы сараптау сөзі керісінше анализ сөзінің аудармасын, ұғымын береді.

Ал саралау сөзі былайша айтқанда жан-жақты қарап, талдап экспертиза ұғымына сай келеді.

### **Договор – келісім-шарт емес, уағда**

Договор – уағда. Осы күнгі договорды шарт деу мүлде қате. Саралап көрейік. Келесі солай деуге болса жатысы дұрыс емес аудармалардың бірі договор. Шарт дегеніміз условия. Ойынның шарты бар, қыздардың жігіттерге қоятын шарты бар, барлығы условия. Оның үстіне условия договора – шарттың шарттары бола ма? Мүлде қисынсыз ғой. Ал қазақтарда бұл сөзге уағда деген дұрыс нұсқасы бар. Тараптар уағдаласты. Стороны договорились. Бұл сөз көптеген кітаптарда осы уағда – договор күйінде кездеседі. Сонда айырмасы да анық Соглашение – келісім, договор – уағда, условия договора – уағда шарттары.

### **Рынок – базар «Базар» еніп, «нарық» алынсын**

Асығыс аудармалардың бірі болып жүрген сөздердің бірі «рынок» - «нарық». Адамға не бір елес бермейтін, дәм-тұзы жоқ, сүйкімсіз сөз. Соңғы кезде ғалымдар да оны сынға алып, «базар» деп айтып жүр. Рынок Қазақстанның – Қазақстан базары. Рыночные отношения – базарлық қатынастар. Расымен «рынок», ағылшын тілінен «market» сөзсіз дұрыс аудармасы «базар». Базарлы экономика – әркім қалай келісетіндерін өздері білетін, еркін іс-қимыл жасайтын, не болатынын болжап бола алмайтын, дәл ұғымын беретін сөз. Әдемі әрі ғалымдарымызбен дәлелденген сөз. Ал нарық сөзі керісінше конъюнктура.

Конъюнктура рынка базар нарығы.



## **Бастары айналып тұрған смайлдар (күлегештер) қоятын аударма - проспект – даңғыл**

Проспект – проспект. Осы шын айтқанда фамилияларын қазақшаға аударта алмай жүрген есесіне қазақ тіліне аударма жасауда тыраштанып қайда барады? Бірінші өзі солардың білімдері толық па екен. Біріншіден проспект неміс тілінің сөзі. Проспект дегеніміз кең, үлкен әрі түзу көше. Оны алып қазақ халқындағы сара жол, даңғыл жол сияқты мүлде қисыны келмейтін ескі сөзбен алмастыру қате. Бұл капиталистік дүниеден келген сөз. Оны қазақша аудару үшін қазақ халқымыздың өзі оны ойлап тауып басқа халықтарға паш етуі керек еді.

## **Накопительный – жинақтау, сберегательный - үнемдеу**

Өзіңіз қараңызшы егер де біз белгілі бір мақсатқа, машина сатып алу, үй сатып алу т.б. үшін ақша жинасақ ол орысша копить/накапливать болады. Арнайы мақсат үшін. Ал егер біз бір туысымыз үшін тапқан ақшамыздан үнемдеп-үнемдеп оған сәлемдеме ретінде жіберсек, (мысалы анасы тапқан ақшасынан үнемдеп-үнемдеп мектептегі ұлына велосипед алып береді) ол орысша сберегать арнайы үнемдеу болады. Ал біздегі экономить сөзін үнемдеу деген сөзбен беру мүлде қате аударма. Оның үстіне накопительный да, сберегательный да жинақтаушы болып аударылуы мүмкін емес. Біреуі мақсат арнайы үшін жинау, біреуі мақсат үшін тапқан ақшадан, алған пенсиядан үнемдеу. Сондықтан накопительный- жинақтау, сберегательный – үнемдеу. Экономить экономдау, сонда түбірі экономика да, ал одан шығатын сөз үнемдеу ме? Мүлде келіспейді ғой.

## **Информацияны–ақпарат деп аударған кім?**

Шынында да қазақ халқында өз бетінше ақпар деген сөз бары рас. Оның орыс тіліндегі аудармасы сведение. Өзімізге белгілі «Қорқыт ата кітабында» бұл сөздің берілуі келесідей. Аңға кеткен қағанның қонысын жау шабады. Осыны қағанға жеткізу үшін асыққан қойшы: «Ауылыңызды жау шапқанын ақпарыңызға жеткіземін» дейді. Сонда бұл жерде меңзегені – довожу до Вашего сведения болып отыр. Енді ақпар сөзіне ақырын ғана – ат жұрнағын жалғап жіберіп бұл сөзді информация қылып шығара қойған кім? Осындай теріс жолға бұрып отырған кім? Ал, енді информация сөзінің қазақша аудармасы қалай? Бұл өзімізге белгілі мәлімет сөзі. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында, жүріс-тұрысында қолданыталын: көрші ауылдан мәлімет алып келіпті. Ол туралы мәлімет жинап жүр т.б. мысалдары. Ақпараттар ағыны – өтіріктер ағыны.



## Стен – дуал

Қазіргі кезде «стена» сөзін, киіз үй қабырғасынан алып, «қабырға» деп жүрміз. Құлақты жыртатын сөз. Алайда, көпшілік оны ыңғайсыз болғандықтан «стена» дейді. Шынында да аудармасы дәл түспегендіктен осылай айтқан жағымды сияқты. Киіз үй қайда, кірпіш үй қайда. Қазақ халқында мұндай саз үйлерге қатысты «дуал» сөз бар. Дуал деп айтады. Дуалға сүйенбе. Дуалдары әдемі. Дуалы 3.5. метр.

### Давление – басқы, басқа ешқалай емес

Давлениені қысым деп кім аударған? Жми – қыс, сжать с двух сторон – екі жағынан қысу. Бұл сөздің түбірі қысу – сжимать. Онда неге ол давление болып жүр? Ал газды бас - дави на газ, чуть не задавила машина – машина басып кете жаздады т.б. Сөздің түбірі давить – басу. Әр сөз өз бағытында пайдаланылуы керек. Егер билік оппозицияға күш көрсетіп, қуғындай бастаса бұл құбылысты біз биліктің басқысы дейміз. «Абай жолы» романында да Құнанбайдың жақтастары басқа рудың жігіттеріне басқысын күшейтеді, ешқандай қысымын күшейтпейді. Ал, крованое давление дұрысталып – қан басқысы.

### Инвентаризаци – перекличка

Инвентаризация перекличкамен шатасып жүр. Инвентаризация жалпы бізге капиталистік елдерден келген сөз. Олардың экономикалық дамуының нәтижесінде дүниеге келген. Оны тыраштанып аударып не керегі бар еді. Инвентаризация – түгелдеу болып аударылып кетіпті. Ал түгелдеу дегеніміз не орысша? Перекличка емес пе. Мысалы, таңертең пионерлер құрған лагерь тұрып жол жүреді. Сонда осының алдында барлық пионерлерді түгелдеу жүреді. Осы көрініс бізше түгелдеу, орысша перекличка.

### Порядогымыз қайда жүр, дисциплинамыз қайда жүр?

Өтірік аударылып, жиіркенішті болып айтылып, ескі-құсқы сарқыншақ болып кеткен аударма осы порядок – дисциплина!!!

Жалпы порядок деген не? Порядок – реттілік. Жұмыс 08:00 де басталады, 12-13:00 дейін түскі ас. 17:00 де аяқталады. Бірінен соң бірі келетін режим. Ал дисциплина не? Дисциплина – тәртіп. Яғни, жұмысқа осы уақытта келу, осы уақытта түскі асқа бару, осы уақытта шығу. Сондықтан қоғамдық тәртіп деген ең сорақы аударма. Бұл жерде өз-өздерін өтірік сендіріп алып мінгірлеп қоғамдық тәртіп деп емес қоғамдық реттілік деп берілуі тиіс. Өздеріңіз ойлаңыздаршы қоғамдық тәртіпті қалай сақтайды. Уақытында келіп, уақытында кетеді ме?



## Расторжение – айныту

Расторжение – айныту. Расторжение договора – уағданы айныту. Осы сөздің аудармасы сөз жетіспегендіктен бұзу деп беріліп жүр. Бұзу сөзінің орысша аудармасы айдан анық нарушение. Сонда нарушение условий болса шарттарды бұзу. Ал расторжение договора болса – уағданы айныту. Сөзінен айнып қалды деген қазақ халқының сөзі дәл мағынасын береді.

## Инструкция инструкция. Тағы бір жиіркенішті аударма болмасын

Инструкция сөзін нұсқаулық деп қате аударылып кеткен. Саралап отырсақ, Ленин бабамыз бізге жарқын коммунизмге жол нұсқап тұр емес пе еді. Ал, енді қазіргі кездегі Шымкент – 300 км, Астана – 1500 км. Осы нұсқаулық – указательдеріміз қайда қалады? Мұндай инструкция сияқты капиталистік дүниеден келген сөздер жоғарыда айтылғандай аударылмауы керек. Себебі? Себебі қазақ халқы оны өзі ойлап табуы керек еді.

## Учреждение – мекеме емес, ведомство

Учреждение сөзінің түбірі учредить – құру. Осыдан учредители фирмы – фирма құрылтайшылары. Тиісінше логика бойынша учреждение сөзі де осы түбірден бастау алуы керек. Соған сәйкес учреждение – құрылым болуы тиіс. Алайда бізде учредитель – құрылтайшы деп бір жақта, ал учреждение – мекеме деп басқа бір жақта жүр. Мекеме ведомство немесе басқа сөзге табылған аударма.

## Вознаграждение – сыйақы емес, пенсия зейнетақы емес

Вознаграждение сөзіне сыйақы деп жаңа аударма шығарып қойыпты. Құдды бір қазақтар бұрын вознаграждениені білмегендей, оған сәйкес сөз бермегендей әсер қалдырады. Хандар да, байлар да өздеріне бағынышты адамдарының бір істі тындырып келгенде беретін сыйы болатын. Оны зейнеттендіру деп атаған. Вознаграждение сөзінің нағыз қазақшасы осы. Ал зейнет сөзін апарып пенсияға теліп қойған. Бұндай өзімбілемдікке бармастан бұрын бұл сөзді қай кезде қолданылатынын қарау керек қой. Зейнет деген сөз бар, алайда ол тындырылған іске бірден берілетін сый түрі. Біздің аудармашыларымыз айтқандай пенсия емес. Хандарымыз бен байларымыз өз адамдарының кәртейгенін күтіп ақшасын бір-ақ бермеген шығар. Ол заманда ондай түсінік те болмаған. Пенсия – пенсия, ал вознаграждение – зейнеттендіру. Бейнет түбі зейнет мақалы да – зейнетті 60 жаста емес, аз уақытта алатынды білдіреді.

## Немістер қоршап алды сақтан! Окружающая среда – төңірек орта

Бүгінгі күні өкінішке орай окружающая среда сөзі - қоршаған орта деп аударылып жүр. Оның қай жері қоршаған. Автомат алып қоршап жүр ме? Төңірек орта, немесе айнала орта окружающая среданың дұрыс аудармасы. Төңірегіндегі адамдар - люди его окружения, посмотри вокруг - айналаңа қара. Жауды қоршайды. Қосымша айтарымыз: қазақ халқы төңірегіндегі адамдар, төңірегіңе қара деп айтады.

### Аудармасы «приплод» сөзі қазақ халқына тілін де, құжатын да меншіктейтін болыпты Төл..., өз...

Тілдері қышып жүрген кейбір журналистеріміз өз программаларында тілімізді немесе құжатты меншіктегенде төл сөзін қолданады. Қандай есерсоқтық десеңізші. Төл сөзін қолданған дұрыс па? Төл сөзінің орыс тіліне төтелей аудармасы «приплод». Мысалы, гну антилопасының төлі – приплод антилопы гну, приплод зубра – зубрдың төлі т.б. Өзімізде соларға қарап бірнәрсе болса төлқұжат, төл тіліміз деп жарыса айта кетеміз. Құлаққа жағымсыз естіледі. Жатысы жоқ. Оның орынына қай сөзді пайдалану керек? «Өз» деген одан да әдемі сөз бар. Өз тіліміз, өз құжатымыз т.б. Мәдени тұрғысынан жоғары. «Өз елім» деген ән де бар. «Төл жерім» емес. «Өз» дұрыс.

### Погода – күн райы

Осы кездегі шатастырма аудармалардың бірі погода сөзін ауа райы деп аудару. Күн дегеніміз аспандағы күннен басқа толық 24 сағаттық тәулік. Райы дегеніміз оның қас-қабағы, ұмтылысы. Ал ауа деген алдымыздағы көрінбейтін субстанция. Қазақ халқы погода сөзін күн райы деп айтқан. Оның үстіне қазақ халқы: күн бұзылып тұр, күн жауып тұр деп сөйлейді. Ал ауа бұзылып тұр, ауа жауайын деп тұр дегенді өмірі естімеппіз. Ауа райы – климат сөзінің аудармасы. Ауа райы деген де сөз бар ол қазіргі күні климат сөзінің аудармасы.

### Ритуальные услуги: «салт» па, «кәде» ме?

Райымбек көшесінің бойында «Салт» - «Ритуальные услуги» қызметін көрсететін фирмалар толып тұр. Сол 1993-94 жылдары осылай сөз таба алмай өз-өздерін сендіріп: «бұлар салттарын жасайды деп» мұрындарының астына мінгірлеп осы аударма дұрыс сияқтыланып кетіп қалып еді. Алайда, «салт» деген аудармалары дұрыс па? Салт – традиция. Адам өлгенде жасалатын нәрселер



жиынтығының барлығын «кәде» дейді. «Кәдесін жасап болды», «салтын жасап болды» емес. Той-томалақ, ас, өлімге, тууға қатысты іс-қимылдар бірізділігін «кәде» деп айтады. «Мың бір түнді» аударған майталман аудармашы Қалтай Мұхамеджан осылай көрсеткен.

### «Жарнама» сөзі қазақ тілінің жолын кесу

Жалпы Ж. Аймауытов т.б. жазушы-зиялылар 30-жылдардағы романдарында бұл сөзді «афиша» түсінігін беру үшін пайдаланған. Алайда біздікілер шатасып оны реклама сөзінің аудармасы үшін беріп кетті. Ал енді «нама» біздің білуімізде «Бабырнама», «Шахнама», «Қабуснама» т.б. жырларды жасауда ежелден келе жатқан сөзжасам бірлігі десе де болады. Өз тауарын сатқанда, бір ісшаралар өткізгенде біздің халқымызда «жар салу» сөзі пайдаланылған. Оған неге өз тілімізді өзіміз кесіп еркін тыныстатпай, соңына нама деген бірлікті қосып айтып жүрміз? Дұрысы жар салу болуы керек.

### Страхование – сүйемелдеу

Страхование сөзінің аудармасына қамсыздандыру, сақтандыру, демеу мен сүйемелдеу деген төрт нұсқа бар. КСРО кезінде страхованиені қамсыздандыру деп аударды. Қамсыздандыру сөзінің дәл аудармасы сделать беззаботным. Бұл басқа түсінікті беретін өз бетімен бір сөз. Екінші тәуелсіздік алғаннан кейінгі сақтандыру сөзі. Сақтандыру аудармасы хранить. Мүлде келмейтін айдалаға кеткен сөз. Үшіншісі демеу – бұл сөз көбіне подержкаға ұқсайды. Көңіліне демеу болды т.б. Сондықтан дұрысы сүйемелдеу. Страхование сөзінің нақты мағынасын береді. Мысалы сырқат адам құлап қалса, қол-аяғын мерткітіріп алуы мүмкін. Сол үшін де оны туыстары т.б. жанында сүйемелдеп жүреді. Ал бұл жерде де адамды ол қолын сындырып алса, ақша төлейтін болып, өліп қалса оның орынын ақшамен толтыратын болып жасалған механизм.

### Тұлға болу үшін әлі қайда. Лицо – кейіп

Өзімізге белгілі қазіргі кезде лицо сөзі тұлға болып аударылып жүр. Юри-дическое лицо, физическое лицо – заңды тұлға, жеке тұлға. Тұлға болу үшін қайда әлі. Тұлға деп қазақ халқында белгілі бір жетістіктерге жеткен, белестерді бағындырған адамдарды айтады. Қазіргі кезде олар кім? Мысалы, Е. Ибраимов, С. Сапиев, Б. Шүкәнұлы т.б. Бұл жерде бұл сөзді осы жерге пайдалансақ та дұрыс деген ұстаным да жарамайды. Себебі кейіп деген барлығымызды бейтарап етіп көрсететін сөз лицо сөзінің аудармасына дәл келеді. заңды кейіп, жеке кейіп.

### **«Дәрігерді» «дауагер» басар**

«Дауагер» кең қолдауға ие болады. Дәрігер- фармацевт, аты айтып тұрғанындай ісі дәрімен байланысты маман иесі. Дауагер - врач, аты айтып тұрғанындай адамдарға дауа, ем береді. Осы сөзді саралап дұрыс аудармасын берген авторы Серік Ерғали. Әрине бұл кісінің еңбегіне еш таластығымыз жоқ. Ұсынысы дауагер кең қолпаштауға ие болатынына сенемін.

### **Барлығы да құрал болып кетті**

Қазіргі кезде жалғыз құрал сөзі барлығын алмастырып жүр. Средство, пособие, орудие труда, прибор т.б. барлығы құрал болып кетті. Қазақ тілінде құдды бір сөз жоқтай. Бұл жерде құрал дегеніміз еңбек құралдарына дәл келеді. Ал средство сөзі сайман, пособие – септеспе, прибор – прибор. Сонда тиісінше Бұқаралық ақпарат құралдары емес бұқаралық ақпарат саймандары, қандай дәл келетін әсем аударма. Пособие сөзі болса способствовать – септесу сөзінен шыққан. Яғни бұл жерде айтып тұрғанымыз учебное пособие – тағы бір құрал емес, септеспе. Қысқа да нұсқа.

### **Новости ешқандай жаңалықтар емес, хабарлар**

Вести, новость барлығы түбірі бір весть - хабар деген сөзден шыққан. Ал жаңалық деген сөз новинка. Мысалы ғылымға жаңалық енгізу немесе тіс пастасының, машинаның жаңа түрлерін ойлап табу, соның барлығы жаңалық болады. Жаңалық жаңа формулалар қолданылған ұнтақтарда, тіс пасталарында т.б. этикетшелерінде қолданылатын сөз.

### **Қамба – бидай сақтауға склад болса, басқа заттарды сақтауға неге болмайды.**

Склад сөзін орышадан тікелей алып складывать – бірінің үстіне бірін қою деп қойма деп алып жүрміз. Кейбір фирмалар тіпті осы сөзді тереңдетіп енгізуге ұмтылып жүр. Алайда қойма жасанды сөз. Ал шындап сараптап көрсек, бидайды сақтайтын жерді қамба дейміз. Сонда оған басқа заттарды сақтасақ ол неге өз түсінігінен айырылуы тиіс. Оның ішіне басқа заттарды сақтаса да ол қамба – склад болып қалуы тиіс.

### **Повестка – сотқа хабардар ету**

Вести, новость барлығы түбірі бір весть - хабар деген сөзден шыққан. Сондықтан сотқа шақыру, бізде аударылып жүргендей – сотқа шақыру емес- сотқа



хабардар ету. Бұл іс-қимылдың басты мақсаты жауап берушіні сотқа келуге хабардар ету, яғни, оның сотқа шақырылатынын білдіру десе де болады. Ал, сотқа шақыру сөз тіркесіне келсек – ол пригласить в суд, пригласить на конференцию т.б. деген сөз тіркестері секілді жеке түсінікті береді.

### Заправка – отгандыру

Автомобильді, картриджді, соталыны т.б. – отгандыру. Автозаправочная станция - автоотгандыру станциясы. АЗС-АОС. Отгандыру сөзін осылай жаратсақ. Адамды емес, затты отгандыруға келеді. Бір стандарт. Автомобильдің бағын толтыру, картридждерді толтыру ұзақ, отгандыру қысқа.

### Население – ел, жұрт

Осы күнгі население сөзін халық деп беруіміз қате аударма. Себебі халық - народ өз бетінше бір сөз. Ал население белгілі бір қалаға, ауданның жасаушыларына қатысты айтылады. Онда бір халық емес, бірнеше халықтардың өкілдері тұруы мүмкін. Сондықтан ол түсінікті қазақтар ел, жұрт дейді. Ханның елі, жұрты т.б. Сонда центр обслуживания населения – елге немесе жұртқа қызмет көрсету орталығы. ЕҚҚО.

Сонымен дұрысы: население – жұрт.

### «ТЖО» аудармасы орыс тіліне бет бұрушылық

«ТҚКС» немесе қысқасы «ТҚС» – «СТО» -ның ең дұрыс аудармасы. «ТҚКС» немесе «ТҚС» - Техникалық қызмет көрсету станциясы немесе Техникалық қызметтеу станциясы (осылай қысқартуға да болады). Ал, «ТЖО» «СТО» ға дыбысталу жағынан ұқсағандықтан ұсынылып бейімделініп жүр. Бұл түбегейлі дұрыс емес. «ТЖО» - Техникалық жөндеу орталығы. Бұл қайдағы «орталық» - «центр»? Ондай сөз де жоқ қой мұнда? Ал, «жөндеу» деген не? Починок ма. Қайдағы починок? «ТЖС» та емес. «ТҚС» стандартымен барлық республика территориясында аударылуы керек.

Осы 20 шақты сөздің өзі қазақ тілінің дамуына ойсырата соққы беріп отыр. Былай қарағанда орыс, неміс, француз, ағылшын тілдері алға басып жатса қазақ тілі ақаулары көп машина сияқты созылып келе жатқан сияқты. Өздеріңіз бүгінгі күні сөздікті қараңыздаршы: бір сөзді іздесеңіз бірнеше аударма жазылған, ал енді соған ұқсас басқа сөзді іздеңізші дәл сол сөздер осы сөздің аудармасына да берілген. Яғни, сөздік сөздердің жиынтығы ғана сияқты. Шатасып орындары ауысып кеткен аудармалар, сөз жетіспейді. Ал енді осы сөздерді дұрыс орынына пайдаланыңызшы, онда қазақ халқының еңсесі көтерілгендей күй кешеміз. Еліміз үшін үлкен алға басушылық болады.

Бұл сұраққа нақты жауап беретін мемлекет тілін дамыту мен енгізу мамандары, аудармашылар. Себебі олар құр кабинетте отырып алып айғайлаушыларға қарағанда орысша-қазақша, қазақша-орысша аудару жұмыстарының үлкен көлемімен жұмыс істейді. Осылардың нәтижесінде бір-бірімен байланысты жақсы жауап та туындайды.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
2015 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА  
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

**Инновация, индустрия салалары бойынша**

*Бекітілген терминдер*

<b>р/с</b>	<b>орыс тілінде</b>	<b>қазақ тілінде</b>
1.	экономические реалии	экономикалық болмыс
2.	целенаправленная работа	нысаналы жұмыс
3.	коммерциализация технологий	технологияларды коммерцияландыру
4.	технологическое прогнозирование	технологиялық болжау
5.	производственная цепочка	өндірістік тізбек
6.	техническое перевооружение	техникалық қайта жарактандыру
7.	расхождение	алшақтық
8.	автономный кластерный фонд	автономды кластерлік қор
9.	инновационность	инновациялылық
10.	производительность труда	еңбек өнімділігі
11.	инновационный грант	инновациялық грант
12.	абсолютно	абсолютті, мүлде
13.	автолебедка	автошығыр
14.	брюки клеш	кеңбалақ шалбар
15.	гранулированный чугун	түйіршіктелген шойын
16.	натяжитель	кергі
17.	носки	шұлық
18.	колготки	колготки
19.	трусы	тізкіім
20.	спад производства	өндірістің құлдырауы
21.	шипы колес	доңғалақ бұртабаны
22.	пряжа	іірімжіп
23.	пряжа рыхлая	босаң іірімжіп
24.	подгузники	жаялықша
25.	листовое стекло	табақ шыны
26.	установка очистки электролита	электролитті тазарту қондырғысы



27.	фильтрат	сүзінді
28.	цех электролиза меди	мыс электролиздеу цехы
29.	крепь	бекітпе
30.	валовая добавленная стоимость	жалпы қосылған құн
31.	высокая добавленная стоимость	жоғары қосылған құн
32.	дооснащение	жете жарақтандыру
33.	древесина	сүрек
34.	изделие	бұйым
35.	неисчерпаемые ресурсы	сарқылмас ресурстар
36.	чулки	шұлық
37.	шаблон	шаблон, қалып
38.	полевые работы	дала жұмыстары
39.	горная масса	тау-кен массасы
40.	рудоспуск	кенқұдық
41.	целик	кентірек
42.	горный склон	тау беткейі
43.	недра	жер қойнауы
44.	недропользование	жер қойнауын пайдалану
45.	недропользователь	жер қойнауын пайдаланушы
46.	сейсморазведочные работы	сейсмикалық барлау жұмыстары
47.	геологическое доизучение	геологиялық жете зерттеу
48.	геологоразведочные работы	геологиялық барлау жұмыстары
49.	геологосъемка	геологиялық түсірілім
50.	рациональное использование недр	жер қойнауын тиімді пайдалану
51.	горно-металлургический комплекс	тау-кен-металлургиялық кешен
52.	предел	шек
53.	нормированные потери	нормаланған ысырап
54.	безопасное недропользование	жер қойнауын қауіпсіз пайдалану
55.	коммерческое обнаружение	коммерциялық табу
56.	туристический имидж	туристік имидж
57.	выездной туризм	шығу туризмі
58.	въездной туризм	келу туризмі
59.	туристская организация	туристік ұйым



60.	туристская деятельность	туристік қызмет
61.	туристский маршрут	туристік бағдар
62.	продвижение туристского продукта	туристік өнімді ұсыну
63.	ночевка	түн емелік
64.	экскурсионная деятельность	экскурсиялық қызмет
65.	аффилированный	үлестес
66.	калибровочные лаборатории	мөлшерлеу зертханалары
67.	метрологическая аттестация	метрологиялық аттестаттау
68.	поверочные лаборатории	салыстырып тексеру зертханалары
69.	подтверждение соответствия	сәйкестікті растау
70.	испытательные лаборатории	сынақ зертханалары
71.	система каталогизации продукции	өнімді каталогтау жүйесі
72.	знак соответствия	сәйкестік белгісі
73.	добровольное подтверждение соответствия	сәйкестікті ерікті растау
74.	гармонизированный стандарт	үйлестірілген стандарт
75.	технический барьер	техникалық кедергі
76.	предприятие-изготовитель	дайындаушы кәсіпорын
77.	область аккредитации	аккредиттеу саласы
78.	абонентская задолженность	абоненттік берешек
79.	абонентский отдел	абоненттік бөлім
80.	абонентская плата	абоненттік төлем
81.	абонентская сеть	абоненттік желі
82.	абонентская установка	абоненттік қондырғы
83.	абонентско-расчетная группа	абоненттік-есептік топ
84.	автоматизированная система проектирования	автоматтандырылған жобалау жүйесі
85.	автоматическая телефонная станция	автоматты телефон стансасы
86.	автоматическая система контроля	автоматты бақылау жүйесі
87.	автоматизированная система управления	автоматтандырылған басқару жүйесі
88.	автоматическое включение	автоматты түрде қосылу

89.	автоматизированная система	автоматтандырылған жүйе
90.	аварийная обстановка	авариялық жағдай
91.	автоматизированное рабочее место	автоматтандырылған жұмыс орны
92.	модем с автовызовом	автошақыру модемі
93.	адресная память	адрестік жад
94.	вычисление адреса	адресі анықтау
95.	информационная линия	ақпараттық желі
96.	сжатие информации	ақпаратты сығымдау
97.	адаптер информационного интерфейса	ақпараттық интерфейс бейімдеуіші
98.	поле информационных разрядов	ақпараттық разрядтар өрісі
99.	информационная сеть	ақпараттық тор
100.	ссылка вперед	алға сілтеме
101.	исходная информация	бастапқы ақпарат
102.	блок-схема алгоритма	алгоритм блок тәсімі
103.	команда алгоритма	алгоритм пәрмені
104.	код операции	операция коды
105.	последовательность операций	операциялар реттілігі
106.	аналоговый сигнал	аналогты дабыл
107.	система обработки аналоговых данных	аналогты деректерді өңдеу жүйесі
108.	доступ по каналу связи	байланыс арнасындағы қолжетімділік
109.	блокировать	бұғаттау
110.	мастер настраиваемых задач	бапталатын тапсырмалар шебері
111.	дефект	ақау
112.	введенный код	енгізілген код
113.	взаиморасчет	өзара есеп айырысу
114.	вне сети	желіден тыс
115.	вне зоны покрытия	аядан тыс жерде
116.	установка головки	бастиек орнату
117.	кнопка	кнопкы/кнопка
118.	кнопочная панель	кнопкылы/кнопкалы тақта
119.	кэш вывода страниц	бет шығару кәші



120.	метка блока	блок белгісі
121.	пустой цикл	бос цикл
122.	пустой язык	бос тіл
123.	гибридный (комбинированный) компьютер	будан (аралас) компьютер
124.	окно предупреждений	ескертулер терезесі
125.	загрузочный диск	жүктейтін диск
126.	балансировка нагрузки	жүктемені теңгеру
127.	итерационный цикл	итерациялық цикл
128.	замена сим-карты	сим-картаны ауыстыру
129.	главное меню	басты мәзір
130.	емкость канала связи	байланыс арнасының сыйымдылығы
131.	широкополосный канал	кеңжолақты арна
132.	расширенный фильтр	кеңейтілген сүзгі
133.	широковещательный трафик	кеңтаратымды трафик
134.	обратная трансляция	кері аудару
135.	устройство декодирующее	кері кодтау құрылғысы
136.	автосоединение фигур	кескіндердің автоқосылуы
137.	центрирование изображения	кескінді ортаға келтіру
138.	реплика	реплика
139.	всплывающее окно	қалқыма терезе
140.	карманный компьютер	қалта компьютер
141.	механизм доступа	қолжетім тетігі
142.	удаление надстроек	қондырманы жою
143.	значок документа	құжат таңбашасы
144.	информационный контент	ақпараттық контент
145.	контрольно-испытательный пункт	бақылау-сынау пункті
146.	хронометраж	хронометраж
147.	компановка модулей	модульдерді тұтастыру
148.	калибровка	мөлшерлегіш
149.	оперативное запоминающее устройство	жедел жадтау құрылғысы
150.	оптоволоконный кабель	оптоталшықты кәбіл

151.	число витков	орамдар саны
152.	установочная метка	орналастыру белгісі
153.	центральный узел связи	орталық байланыс торабы
154.	паутина	өрмек, шырмауық
155.	шнур измерительного прибора	өлшеу аспабының бауы
156.	штатив прибора	аспап тағаны
157.	процессор с плавающей точкой	қалқыма нүктелі процессор
158.	разветвленная сеть	тармақталған тор
159.	язык управления пакетом	дестені басқару тілі
160.	цифроаналоговый преобразователь	цифрлы-аналогты түрлендіргіш
161.	асбестовая крошка	асбест үгіндісі
162.	асбестоцементное покрытие	асбест-цемент жабын
163.	аэрофотосъемки	аэрофототүсірілім
164.	естественный щебень	табиғи шағылтас
165.	мол	тосқауыл
166.	несущий	тіреуіш
167.	ограждение	қоршау, қоршап қою, кедергі
168.	оттиск	бедер
169.	оттиск печати	мөрбедері
170.	отсев	тас ұнтақтары
171.	пневматическая шина, пневмошина, пневматик	пневматикалық шина, пневмошина,
172.	правоустанавливающие документы на земельный участок	жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар
173.	рулежная дорожка	жермен жүру жолдары
174.	сварщик	дәнекерлеуші
175.	фрахт	фрахт, кеме кіресі
176.	фрагтование	кеме жалдау
177.	фрагтовщик	кеме жалдаушы
178.	фрагтователь	кемемен жалданушы
179.	щебень	шағылтас



**Төтенше жағдайлар саласы бойынша**

Бекітілген терминдер

	<b>орыс тілінде</b>	<b>қазақ тілінде</b>
1.	авария	авария
2.	аварийная ситуация	авариялық жағдай
3.	аварийная обстановка	авариялық ахуал
4.	учет аварий	аварияларды есепке алу
5.	автодегазацияционная станция	автогазсыздандыру стансасы
6.	автоматический радиопеленгатор	автоматты радиотұтқыш
7.	слой стока	ағын қабаты
8.	вилка разъема	ағытпа ашасы
9.	адамсит	адамсит
10.	конвой	айдауыл
11.	вращательное бурение	айналмалы бұрғылау
12.	дефектоскоп	ақаутапқы
13.	бассейн долинный селевой	сел алабы бассейні
14.	впадина аллювиальная	аллювийлік ойпат
15.	цепь дальней связи	алыс байланыс тізбегі
16.	послойное тушение	аралық қабаттарды сөндіру
17.	вода подрусовая	арнаасты суы
18.	водозабор русловой	арналық тоған
19.	противоатомная защита	атом қаруынан қорғану
20.	воздуховод	ауа өткізгіш
21.	влажность воздуха удельная	ауаның үлестік ылғалдылығы
22.	бактерия болезнетворная	ауру тудырғыш бактерия
23.	карта ситуационная	ахуалдық карта
24.	мультиплексор каналов связи	байланыс арналарының мультиплексоры
25.	виток связи	байланыс орамы
26.	бактериальные токсины	бактериялық уыттар
27.	уровень контрольный	бақылау деңгейі
28.	заболачивание	батпақтану
29.	пост	бекет
30.	постовой	бекетші
31.	арматура запорная	бекіту арматурасы

32.	флажок сигнальный	белгі жалаушасы
33.	бета-излучение	бета сәулелену
34.	оползнение откоса	беткейдін жылжуы
35.	полнолицевая маска	бетті толық жабатын маска
36.	биологическое задержание	биологиялық шымдану
37.	дамба	бөген
38.	запруда	бөгесін (уақытша істелген)
39.	плотина	бөгет
40.	отсек	бөлік
41.	маскировка	бүркемелену
42.	деблокирование	бұғаттан шығару
43.	горение затяжное	бықсып жану
44.	вакуум-насос	вакуум-сорғы
45.	загазованность	газданғандық
46.	абсорбция газов	газды сіңіріп алу
47.	дегазационный пункт	газсыздандыру пункті
48.	гуманитарная помощь	гуманитарлық көмек
49.	штормовое предупреждение	дауылды алдын ала ескерту
50.	штормовой ветер	дауылды жел
51.	штормовой нагон воды	дауылды су ағыны
52.	дезинсекция	дезинсекция
53.	декодно-шаговый искатель	кодсыз-қадамдық іздеуіш
54.	впадина делювиальная	делювийлі ойпат
55.	десантирование	десант түсіру
56.	дифосген	дифосген
57.	активность минимально значимая удельная	ең аз мәнді үлес белсенділігі
58.	таяние	еру
59.	ласты ножные (пара)	ескекаяқ
60.	старица	ескі арна
61.	грозозащита	жайтартқыш
62.	головка переходная соединительная	жалғастырушы өтпелі бастиек
63.	пламягаситель	жалын сөндіргіш
64.	убытки косвенные	жанама шығындар



65.	горючесть	жанғыштық
66.	нагрузка горячая	жану жүктемесі
67.	характер горения	жану сипаты
68.	выгорать	жанып кету
69.	светомаскировка	жарықтық бүркеніш
70.	взрывоопасный	жарылыс қауіпті
71.	взрывоустойчивость	жарылысқа төзімділік
72.	укрытие	жасырын пана
73.	боевая выучка	жауынгерлік машық
74.	поземка	жаяу бүрқасын
75.	оперативное подчинение	жедел бағыныста болу
76.	ветровые нагоны	жел айдаған су
77.	абразия	жемірілу
78.	рукав	жеңкұбыр
79.	зажим рукавный	жеңкұбыр қысқышы
80.	ящик для рукавов	жеңкұбырға арналған жәшік
81.	досмотр	жете тексеру
82.	сборно-эвакуационные пункты	жиналу-эвакуациялау пункттері
83.	радиационная авария проектная	жобалық радиациялық авария
84.	истребительная авиация	жойғыш авиация
85.	попыньа	жылым
86.	пункт обогрева	жылыту пункті
87.	эвакуация пораженных	зақымданғандарды эвакуациялау
88.	очаг поражения	зақымдану ошағы
89.	длина выдвигения колена	иіннің жылжу ұзындығы
90.	инсектициды	инсектицидтер
91.	интразвуковое оружие	интрадыбыстық қару
92.	влага капиллярная	капиллярлық ылғал
93.	установление карантина	карантин жариялау
94.	карст	карст
95.	волна-помеха	кедергі толқын



### Көлік және қатынас жолдары салаларының терминдері

р/с	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	автобан	автобан
2.	авиагруз	әуе жүгі
3.	авиапочта	авиапошта
4.	авиапредприятие	авиакәсіпорын
5.	авиация гражданская	азаматтық авиация
6.	авиация малая	шағын авиация
7.	автобус городской	қалалық автобус
8.	автобус дальнего следования	алысқа қатынайтын автобус
9.	автобус лизинговый	лизингілік автобус
10.	автобус междугородный	қалааралық автобус
11.	автобус международный	халықаралық автобус
12.	автобус местного сообщения	жергілікті қатынас автобусы
13.	автобус пригородный	қала маңы автобусы
14.	автобус туристический	туристік автобус
15.	автовоз	автотасығыш
16.	автогудронатор	автогудрондауыш
17.	автозаправка	жанармайқую
18.	автолебедка	автошығыр
19.	автолестница	автосаты
20.	автомагазин	автодүкен
21.	автомагистраль	автокүрежол, автомагистраль
22.	автомастерская	автошеберхана
23.	автоматизация	автоматтандыру
24.	автоматизация посадки	қонуды автоматтандыру
25.	автоматизация производства	өндірісті автоматтандыру
26.	автоматизация процесса	үдерісті автоматтандыру
27.	автоматизация управления	басқаруды автоматтандыру
28.	автоматизированная система проектирования	автоматтандырылған жобалау жүйесі
29.	автоматика	автоматика
30.	автоматика железнодорожная	теміржол автоматикасы
31.	автомашина	автомәшине



32.	автомашинист	автомәшинеші
33.	автомеханик	автомеханик
34.	автомобилевоз	автомобильтасығыш
35.	автомобилеопрокидыватель	автомобильаударғыш
36.	автомобилист	автомобильші
37.	автомобиль	автомобиль
38.	автомобиль аварийный	апаттық автомобиль
39.	автомобиль безопасный	қауіпсіз автомобиль
40.	автомобиль бесхозный	иесіз автомобиль
41.	автомобиль гоночный	жарыс автомобилі
42.	автомобиль грузовой	жүк автомобилі
43.	автомобиль грузопассажирский	жүк-жолаушы автомобилі
44.	автомобиль дизельный	дизелді автомобиль
45.	автомобиль заднеприводной	артқы жетекті автомобиль
46.	автомобиль закрытый	жабық автомобиль
47.	автомобиль карбюраторный	карбюраторлы автомобиль
48.	автомобиль леворульный	сол рөлді автомобиль
49.	автомобиль легковой	жеңіл автомобиль
